

АКМЕШІТ ЖАСТАРЫ

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенімін.



Мағжан

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 20 (505)
20 мамыр, 2023 жыл

АКМЕШІТКЕ «АЛТЫН АДАМДАР» КЕЛДІ

Құнды жәдігердің төресі ретінде еліміздің даңың асырған «Алтын адам» 1970 жылдардың басында Есік қорғанынан табылған еді. Содан бері де тарихтың төрері орын алған талай жәдігер ұрпаққа ұлт мұрасын насихаттауда. Мұнан кейінгі «Алтын адам» 1999 жылы Атырау облысының Жылбұл ауданы аумағында Аралтебе обалар көшкелінен табылған. Археологиялық ескерткіш белгілі археолог Зейнола Самашев Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарып жүргенде тапқан. Аталған қорғанды үш зираттың бірінен бұтінде сарматтардың көші атаып келген еліміздегі екінші «Алтын адам» осылай табылған еді. Бүгінде осы жәдігер облыстық тарихи-өлкетану музейінің төрне жайғасты.

— Бұл — салғамыз бойынша Атыраудың бренді. Аралтебеде үш қорған қазылды. Өкінішке қарай, қорғандардың 95 проценті тоналған. Қорғанның бір ерекшелігі, беті таспен жабылған. Ортасында төрт бөлік бар. Сол төрт бөліктен жан-жаққа 12 бөлім кеткен. Біздіңше, ортадағы төрт бөлік жылдың төрт мезгілін көрсетсе, он екі бөлім — он екі ай. Бір қорғанның өзінен үш қабыр шыққан. Соның үшінші қабырмен сармат көсемі — «Алтын адам» табылды. Қасында айел кісінің сүйегі болған. Өте көп қыш ыдыстары, қару-жарақтары,

жылқы сүйегі және аяқ жағында қыран құстың сүйегі табылған. Осыған қарап, археологтар бұл кісінің өте жоғары дәрежеде болғанын, сол уақыт өзіне аңшылықпен, құсбегілікпен айналысқанын айтады. Кімді алтын жапсырмалары мол, өте бай болған. Өрине, қанша тоналып кетсе де, қалғанының өзі оның бай екенін көрсетеді. Кейінгі қалыпқа келтіру жұмыстарымен Қырым Алтынбеков жасаған, — дейді Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің жалпы тарих, археологиялық-этнография ғылыми зерттеуді қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі Айдос Қалшабаев. Олардың көпшілігі тоналып кеткен. Қызылорда топырағына табын тигеннен келесі бір «Алтын адамдар» Қарағанды және Батыс Қазақстан облысынан. Олардың да табылу жағдайлары ерекше.

Бұл — Қазақстандағы тарихи-өлкетану музейінің деңгейінде болып жатқан бірінші көрме. «Алтын адамдарды» коллекциясын халыққа көрсеткіміз келді. Қазақстанның өкірі түрікінен табылған «Алтын адамның» өз ерекшелігі бар. Атыраудан шыққан сармат көсемі,

Арқаның алтын адамы, сарматтардың Таңсай ханшайымы және Болған ана келушілер назарында қызылады. Бұл жерде Болған ананы Шыңғыс ханның қызы дейтіндер де бар. Бірақ, ғалымдар Жошы ханның қызы деген тұжырымға тоқтатп тұр. Тарихта Болған ананың Белен ана деген есімі болған делді. Кей деректерде Белен ана Орда Еженнің келіні болған делінді. Егер олай болса, ол Шыңғыс хан әулетінен болмас еді. Дегенмен, түрлі жорамал бар. Белен ана Бәдіз аймақта. Телкізде жатыр Міне, олардың аяғындағы болған соң да біз Болған ананы бүгінгі көрменің төрері орналастырдық, — дейді облыстық тарихи өлкетану музейінің ғылыми хатшысы Асхат Сәйілова.

Әлбетте, бұл жәдігерлердің барлығы елімізде жойғымызды тауып, барымызды бүтіндеп, тарихымызды түгендеген «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында табылған дүниелер. Оның ішінде 2004-2005 жылдары ғылым аяғында Шірік-Рабат мәдениеті атанған Сырдың төменгі ағысында да «Алтын адам» табылды. Баға жетпес қазынаны адала ұяқатта қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізіп, ортаға осы бұйым мақсаттардың қатарында.



— Келешекте біз Шірік Рабат «Алтын адамын» жасасам деп ойлап жүрміз. Бұл жоспарды айып қадамдар көрек. Мысалы, мына кімдердің бәрі реконструкция. Олардың матасы сақталмайды. Тек алтындары ғана тұрады. Өрбір элементтері сақталады. Кейбірінде барыстың табына, кейбірінде аяқ-бейнесі, тағы басқалар алтынмен бейнеленіп, матаға жапсырылған. Ғалымдардың айтуынша, қандай жануарды, аңды көрсе, алтынның соның көсінін жасаған. Шірік Рабаттан шыққан алтын адамда айға ұқсас айшық, тағаның, гүлдің күнін бейнесі, жолбарыстың табына, қызғалдақтың өкірі ретінде жасалған алтын жапсырмалар бар. Болашақта осы құндылықтарды да терімгізге шығарып,

Қазақ даласының та-
мырсыз тарихын түртсең де,
тіл бітіп сайрай көтеді. Құнды
жәдігерлерімізді айбынымызды асы-
рып, мереймізді тастытып тұрғаны
айқын көрініс табуда. Алаштың
анасына айналған Ақмешітке елі-
міздің үш облысынан, дәлірек айт-
қанда Атырау, Батыс Қазақстан
және Қарағанды облысынан «Ал-
тын адамдар» облыстық тарихи-өл-
кетану мұражайында өткен «Алтын
кімді ұлы дала өлі» көрмесіне
келді. Бүгін халықаралық му-
зейлер күні бастау алған
көрме 31 мамырға дейін
жалғасады.

«Алтын адам» жасасам, көптен бергі
бір арман орындалады еді, — дейді
Асхат Қожақелденұлы.

Иә, Ақмешіттің аспанында сақ пен
ғұнның, сарматтың басы қосылған
күндей болды. Бабалар тулпарының
туяғы дүбірлен өткен қастерлі
мәңгі осы бір ерекше қорғанды
тарих қойнауына кетті. Міне, «Алтын
адамдар» Ақмешітке ат басын бұрып,
рухымызды асқақтайты жібегендей.

Дәулет ҚЫРДАН

Соңғы жылдары аймақтағы білім беру ісінде айтарлықтай ағым жылжу байқалады. Әсіресе, білімді шекірттер таным биігін таңытып, жоғары нәтижеге көк жеткізуде. Өлеңдік білім долдарынан оқ бойы озық шығу арқылы ЖОО-да төгін оқу мүмкіндігіне ие болғандар да жетерлік. Бұл бағыттағы Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі жағымды жаңалық тіпті қызық. Бір сыныптан 4 оқушы шетелдік университеттен шақырту алып, білім грантының иегері атанған. Енді олардың Италия мен Мажарстанның беделді жоғары оқу орындарында білім алуына мүмкіндік бар.

Білім грантының алғашқы иегері — Аида Даниярова. Ол Будапештің Корвин атаңдағы университеттен Обуда университетінде оқуға грант жеңіп алды. Бұл екі оқу орны деректер ғылымы мен электротехник секілді заманауи мамандықтар бойынша мамандар дайрлайды. Мұнан бөлек Аида тағы 10-нан аса шетелдік ЖОО-на құжат тапсырып, әртүрлі жеңілдікпен оқуға шақырту алып отыр.

Нұржан Бишенбек те «Stipendium Hungaricum» үкіметаралық бағдарламасы арқылы тегін оқуға ие болған жас тұлғалық бірі. Білімді жас Мажарстандағы 5 топ университеттің құрамына кіретін Debrecen University мен Budapest University-не азаматтық құрылыс мамандығы бойынша оқуға қабылданды.

ТӨРТ ОҚУШЫ ҰЛЕМДІК УНИВЕРСИТЕТКЕ



ҚАБЫЛДАНДЫ

Ортасы. Біздің өңірде талайды таңдай қапқан мықтылар шыққан. Солардың ізін жалғастыру үшін жастар білім мен ғылымға бет бұру керек. Халықаралық олимпиадаға нағыз математиктерді анықтауға және жас ғалымдардың атын шығаруға үлкен көмекшілік болмақ. Сайыста 7 күрделі есеп болды. Берілген есептер тек біздің ғана байқауда арнайы дайындалған. Сондай-ақ, биылғы байқаудың бір ерекшелігі — қатысушыларға өз имобильдерін бір есепті қыятын боламын. Қатысушы жастарға сәттілік тілеймін, — деп Асқар Серкұлұлы.

Аймақта жаратылыстану бағытындағы пәндерге айрықша мән беріліп, баланы математикаға белімдеуі қунарлық жаңалық. Мәнін таңдау мүддесі, шешімін шығаруда шымдады, есепте епті болуға үдейтін бұл байқаудың маңызы зор.

— Екінші мәрте ұйымдастырылған халықаралық Байқау мектеп оқушыларын математикалық сұрақтарға дайындауға және білім деңгейін арттыруға, жастардың арасындағы өзара достық қарым-қатынасты қалыптастыруға өз септігін тигізеді деп ойлаймын. Өткен жылы жалғасы басылып белсенді жастармен кездесу барысында саялысты облыстық деңгейде және халықаралық сипатта өткізу туралы шешім қабылданды. Байқаудың өтуіне қолдау білдірген Асқар Жұмаділдаев пен «Қазақстан Математика пәні мұғалімдері қауымының» ұжымына алғыс айтамыз, — деп облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов.

Байқаудың жалпы жүлде қоры — 3 млн 600 мың теңге. Білім бөлігесінде бағы мен бабы қатар шапқан қатысушылар жеңіп тұтырыған көрінді. Иә, жеңімпаздар жарияланған Байқау қорытындыланды. Бас жүлде бұйырған алматылық Қуаныш Жолдасов 1 млн теңге қаржылай сыйлықты еншіледі. II орын иегерлері алматылық Нұрбек Күнгожи мен қызылордалық Бейсен Сәбит 500 мың теңгені иеленді. III орын иегерлері Астана қаласынан Ақылбек Исатай мен тараздық Бауыржан Кеңесов болды. Сондай-ақ, белсенділік танытқан 10 қатысушы ынталандыру сыйлығымен марапатталды.



Замира ҚОНЫСЖАН

«Үміткерлерді таңдау екі кезеңді қамтиды. Алдымен «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығының комиссиясымен сұхбаттасу өтті. Бұл арқылы болашақ мамандық бойынша біліммен тілдік дағдыларын бағаланады. Келесі кезеңде грант тағайындайтын ұйымның іріктеу конкурсына қатыстым. Үш тілді жетік білгендім, әртүрлі деңгейдегі жобаларды белсенді болуым және оқудағы орташа баллдың жоғары болуының арқасында оқуға қабылдандым, — дейді жас тұлға.

Білім мен еңбек арқылы сәттілікте сәтті еткен жастың бірі — Нұрмұхаммед Оразбек. Ол Дөбрешеннің ең ірі оқу орнынан шақырту алып, отбасын қуанышқа кенелтті. Оқу ақысын, ай сайынғы қаржылай көмек пен жатақханаға орналасу мүмкіндігіне ие болған дарынды жас электротехник саласының қыр-сырын меңгеруді жоспарлаған. Сонымен қатар Нұрмұхаммед Түркия мен ҚХР-ның үздік ЖОО-на құжат жіберіп, нәтижесін күтуде.

Үздік төрттікті түйіндеген Камилла Женисова болса, дүниежүзіндегі ең ірі қауымдастық — «Утрехт желісі» құрамына кіретін Болонья университетіне баруы ықтимал. Ол Италиядағы жетекші оқу орнына «Экономика саясат және әлеуметтік ғылымдар» бағдарламасы бойынша оқуға қабылданды. Айта кетейік, бұған дейін Камилла ағылшын тілі деңгейін анықтайтын халықаралық IELTS емтиханынан жоғары 8 балл жинап, мектеп мерейін үстем еткен болатын.

Берен ШАҒЫРӨВ

Ақиқатында, пішін, мөлшер, өлшем дегеннің бәрі осы ғылыммен асады. Оның күрделі ілімі қиын бәрі біледі. Формуламен жете түсінбеген, ережені ескермеген, теорема мен теорияны меңгермеген адам. Логикасы жақсы қалыпқа келген дарын ғана есепті өз қиындығын шығарады. Бүгінде жас бұйым математикаға бейім. Кіп елі мен түрлі таңбандан «мим шашы» деп іргені аулақ салатындар жоқ. Керісінше «осы бағыт бойынша жоғары оқу орнына түсемін» деген қалауы өсеіп жүріп отырғанды көп екенін аңартады.

Сыр өңірінде Қазақстан

Математиктер Байқауы:

Математика — ғылымдардың бастауы. Ол болмағанда байлауы пен бірігу, қабасы мен қысы да болмас еді. Сан ілімі мен математика өлемі тіршіліктің тұтқасы іспетті. Өйткені математиканың тілі саналған сандар болмаса күнігібзден күнді болтып, қолдағы қаржының өсебін білімге есепсіз қалушы өдік.

Ұлттық ғылым академиясының академигі, математик, профессор Асқар Жұмаділдаев атындағы жас математиктер арасындағы халықаралық байқау басталды. Білімділер долдасына еліміздің және көршілес Ресей, Қырғызстан, Әзбекстан мемлекетінен келген 18 бен 28 жас аралығындағы 100 математик бақ сынамақшы.

— Халықаралық байқаудың мақсаты — жас математик мұғалімдердің көсіні шеберлігі мен білім алушылардың қабілетін дамыту. Білімдер байқауы 2014-2018 жылдар аралығында Қызылорда қаласында өтіп келген. Ал 2019 жылы бұл байқау тұңғыш рет халықаралық деңгейде ұйымдастырылды. Бұны облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен аталған байқау қатысушылар саны артып, сайыстың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына ықпал етті. Жалпы, Сыр елі тек қасиетті өнердің ғана емес, білімділердің де

ЖАҢНАМА ТІЛІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ?

«5 КӨШЕДЕН 109 ҚАТЕ ТАБЫЛДЫ»

Көкейесті мәселеге айналып, әрбір тілі сүйетін, өзін қазақтың азаматы санайтын жанының алаңын тудырған жұл қазақ тілінің көрнекі ақпарат пен жарнама тілі ретінде қолданылуы екенін атап өттік. Жасыратыны жоқ, аталған салада қазан тілі — қосалты тіл, ауаарма тілі, оқылмайтын шалжаңсар тілі. Тіпті, өз тіліміз өз көшемізден көрінбей жүр. Қазір қазақ қоғамы нарықтық қарым-қатынасқа көшкен, жер мен көкті жарнама жаулаған заман. Атап басаңыз — жарнама, теледидар, радио хосса қаласын — жарнама, әлеуметтік желіде отырсаңыз — тағы да жарнама.

Өрге бармай өңіріміз өзіміздің қападан бастасақ, Жыл басында облыстық қоғамдық даму басқармасының тапсырысы аясында қаладағы 30 көшенің бойында орналасқан көсікерлік нысандарға мониторинг жүргізу жоспарланған. Қала аумағында орналасқан орта және шағын көсікерлік нысандардың көрнекі аппараттарының «Тіл туралы» Заңының 21-бабына сәйкесті зертделіп, кемшілік анықталған нысан иелеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында «Гөпкегі» әлеуметтік жобасы іске қосылған еді. Жарнама тілі аталған заңға сай ма? Мониторинг нәтижесі қандай?



«МІТЯ БЫ КИНОДА?»
БЕРШІ ҚОҒАМ АЛУШЫ ҚОҒАМ

СЕНІМДІ АРҚАЛАҒАН
«СЫР ДАРЫНЫ»

2 бетте

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЖАРНАМА ТІЛІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ?



«Жобаға әлеуметтік желіні қолдану мақсатымен «Көптекі» электронды платформасы (телеграм бот) және инстаграм-парақшасы жасалды. Жұмыс барысы мен заңнаманы түсіндіруде тұрақты түрде посттар жарияланып тұрады. Қала тұрғындары қоғамдық қатынастардың әртүрлі саласында тіл заңнамаларының бұзылуын анықтаған жағдайда телеграмм бот платформасына ақпарат жолдай алады. Бір ғана сәуір айының қорытындысына сәйкес, орталықтағы 5 көшеде (Желтоқсан, Өйтеке би, Қазыбек би, А.Токмағамбетов, А.Байтұсынов) орналасқан 290 нысанның көрнекі ақпараты мен жарнамасы зерделеніп, барлығы 109 кемшілік анықталды. Яғни, шамамен жартысында қате бар. Өр көшенің екі жағына екі топтан бөлініп, ешқандай нысан қалып келмейтін қате сөздер, атаулар мен жарнамалар қалып кеткен жоқ», – дейді жобаның үйлестірушісі Өсем Қахарманова.

Жоба үйлестірушісі атап көрсеткендей, жарнаманың жартысына жуығы қате. Бір ғана Өйтеке би көшесінде орналасқан 44 азық-түлік, тұрмыстық тауар дүкенінің 12-сі, 7 сулулық салонының 3-еуі, 11 қоғамдық тамақтану орынының 9-ы, 11 орта және шағын кәсіп нысандарының (банк, микрокредит орталығы, көлік жүру орындары)

5-еуінде қате бар. Азық-түлік дүкені де, сулулық салоны да, тамақтану орындары да – күнделікті қызметін қолданатын мекемелер. Дегенмен кәсіпке ең алдымен кәсіпкердің өзі жауапты екенін ескерсек, қателік қоғамдық көзқарастан бұрын аталған нысан иелері сыни көзқараспен қарауға тиіс.

ЖАУАПКЕРШІЛІК – ЖАРНАМАҒА ТАПСЫРЫС БЕРУШІДЕ

Жарнаманың жаңа түрлері мен жаңа қалыптары пайда болуда, алайда негізгі міндетті мәтін атқарады. Жарнама тілі саласы қазақ тілінде жаңа сала деп қарастыруға болады. Қазіргі таңда жарнама үстем болып отырған орыс тілінде дайындалады да, кейін қазақ тіліне аударылады. Бұл жағдай керісінше болуы тиіс. Алдымен қазақ елінде қазақ тілінде өзірлену керек.

Сол тілдің ыңғайына жығылу, сол тілде қалай жазылса, үтір нүктесіне дейін қалдырмай, қазақ тілінде де солай жазу басым. Оған лайық балама немесе қазақ тілінің тілдік нормаларын сақтау ұмыт қалғандай. Интернет платформалардағы сөздіктің қазақ тілінің грамматикалық құрылысына, қыстыру жүйесіне қиянат жасаған жерлері баршылық. Мәселе осында.

«Бұл мәселе қаншама жылдан бері көтеріліп жүр, көтеріле береді де. Журналистік көзқарастан бұрын қазақтың азаматы ретінде үндемей қалу –

сын. Осыдан біраз жыл бұрын көрініске Ресейде де жарнамада ағылшын тілін жиі қолданып, орыстар шетелде жүргендей сезінетінін айтып шағымданған. Билік не істегенін білесіз бе? Жарнама мен хабарландыру тіліне арнайы заң шығарды. Ол бойынша, мен Мәскеуге барып, дүкен ашатын болсам, ұлттық орыс тіліндегі атауы менің қазақша дүкен деген жазуымнан 4-5 есеге үлкен болуы тиіс. Көлеміне қатысты шарт қойылды. Жарнаманың тілін түсінетіндер сөздің, шрифті көлемінің қандай рөл ойнайтынын біледі. Кішкентай қазақша жазылған дүкенді байқамай да қаласыз. Біздің елге де осындай, нақты шешім беретін заң керек!», – дейді журналист, «Nalyqline» ақпараттық агенттігінің редакторы Рыскелді Жахаман.

Жахаман да, қала ішіндегі кофеханалардың жаңылдағы орыс тіліндегі «кофе с собой» сөйлемінің қазақшасын байқасаңыз, бас шайқайсыз. Қазақша аудармасы – «кофе өзім-менем». Тіпті, орталық алаңда «Жан кездесулері» мейрамханасы бар екенін білдік. Түпнұсқасы – «душевные встречи». Шағын мейрамханалардың жарнамасынан «к», «қ» әрлін қанша іздесеніз де таппайсыз. Бұл біз байқаған кемшіліктердің бір парасы ғана. «Кенсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды» деп өткен ғасырдың басында үлкен мінберлерде, бәспәсөз беттерінде дабыл

қаққан Сәкен Сейфуллиннің жанайқай жаңғырығы қазір де

кәсіпкерлер жарнама жасаушы агенттігінен кетпейтін айтқым келеді. Себебі біз өр



естілетіндей... – Қаладағы кәсіпкерлік немесе жеке нысандардың атауында қате болуы қоғамдық даму басқармасының журналистердің, тіптен жеке адамдардың көтеретін мәселесі емес деп ойлаймын. Себебі қазақ ретінде қазақ тіліндегі алдындағы жауапкершілік әр адамда болуы керек. Немесе бірауыздан қала тұрғындары қате жазылған, қазақшасы жөнісіз түрлі кәсіпкерлік нысандарының қызметін, тауарын алмай, қарсылық көрсетсін. Бұл – шетелде дау-дамайсыз, ашық қарсылық танытудың қалыпты түрі, – дейді қала тұрғыны Азат Рахманұлы.

Кемшілік жарнама беруші де ме, жарнаманы жасаушы маманда ма? «Жарнама – біз үшін маңызды дүние, хошбиіміз, табыс көзіміз. Алайда сөз бен мәтінге қатысты


тапсырыстағы сөйлемнің, сөздің әр өріпіне, тыныс белгісіне жауап береміз. Тапсырыс беруші қандай мәтін береді, солай басылады», – дейді әлеуметтік желідегі жарнама агенттіктерінің біріндегі маман.

Өрине, кінәліні іздеу, біреуге кінә таудан оңай іс жоқ. Алайда жарнама мен қазақ тіліндегі қатесіз, сапалы мәтін алдындағы жауапкершілік – ұлт пен тұтынушы алдындағы жауапкершілік екеніне мән бермей келеміз. Ал кәсіпкер үшін тұтынушының қалауы мен көзқарасы арқашан дұрыс. Жарнама мәтінін ағылшынша, орысша жазу арқылы сатылымды арттырып, тұтынушы санын көбейтетін деп жүріп ұлттық тілмізді, тілге деген құрметті сатып жіберген жоқтыз ба осы!..?

Дина БӨКЕБАЙ

Жасыратыны жоқ, көбісі кәсіподақ ұйымының нәмен айналысатыны, құзыретіне не кіретіні бағамдай бермейді. Ары кетсе, мереке өткізуге қолдау көрсететін, шипажайға жолдама беретін немесе театрға билет бөлетін ұжым деп ұғары анық. Ал шын мәнінде кәсіптік одақтар қызметкердің құқығын қорғап, мүддесін ескеруде басты рөл атқаратыны ескерсіз қалуда. Бұл ұйым жұмысшының салғырттығынан туған ұғым ба, әлде жұмысшылардың аталған бағытта қызығушылық танытпауының салдары ма? Нәліктен кәсіподақ ұйымының беделі заман талабына илесе алмады? Осы сауалдарға жауап іздеп көрейік.

Батыс елдерінде кез келген жұмысшының талап-тілегін заң аясында қорғауға атсалысатын кәсіподақ ұйымы бар. Артық жүктеме, басшылықтың негізсіз талабын көре қалса, шағым түсіріп, өтемақы өндіруге ықпал жасау арқылы жұмысшының жағында болады. Тіпті, бейтарап дейгейде қадам жасап, объективті баға беруде шеберлік көрсетуде. Жұмысшының талабы қандай болғанын, оның қайсысы орындалып, қай талаптың шешім таппағанын ашық жариялап отырады. Ереуілдер мен қарсылық акцияларындағы ұйым мүшелерінің белсенділігі тіпті бөлек өңгіме. Содан болар, Еуропа елдері мен АҚШ-та жұмысшылардың құнара ереуілі мен толассыз талап-тілегі қалыпты құбылысқа айналған. Олемдік алпауыт компаниялардың миллиондаған жұмысшыны қажет ететін өндірісті Қытай мен Үндістанда салу үрдісінің белең алуы да осыдан туған еді. Яғни,



КӘСІПОДАҚ КІМНІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙДЫ?

көрген, шеттетілген жұмысшы лайықты қорғай алады дегенге сенбейді. Ұйымның абырой-беделі, функциясының өз деңгейінде болмауына наразы жұрт та бар. Әсіресе, кейінгі кезде мұғалімдер арасында кәсіподақ жұмысына шағымданатындар көбейді. Ұйымның ұстаз пікірімен санаспай одаққа тіркейтін, жарна ұстайтыны жиі айтылады. Ең өкініштісі, кәсіподақтың құқықтық көмек берудегі дәрменсіз ерекеті сыңға ұшырауда.

Өрине, кәсіподақ ұйым ретінде нық бекіген. Арнайы Кәсіподақтар федерациясы құрылған. Оған қоса, 3 ірі салалық кәсіподақ пен аудан мен қала, ауылда бастауыш ұйымдар өзіне жүктелген міндетті атқарауда. Олар Еңбек туралы заңнамалардың орындалуына қоғамдық бақылау жасап, Келісім және өндірістегі келеңсіз жағдайларды тексеру жөніндегі комиссиялар арқылы кәсіподақ мүшелерінің мүддесін қорғайды.

Жалпы, қазіргі таңда кәсіподақтарға 2 миллионнан астам адам мүше екен. Өткен ғасырдың соңында бұл көрсеткіш 7 миллионнан астам еді. Демек, ұйым жұмысына көңіл толмайтындардың қатары артқан немесе кәсіподақ жұмысында расында шікілік бар деуге келетіндей. Оған қоса азаматтық қоғамда әрбір адамның құқық қорғау қолжетімділігі

артуы да мәселеге жаңа сипат беруде. Бүгінде кәсіподақ айналысатын мәселенің дені жалақы жайы, жұмыс уақытының мөлшері, еңбек демалысы мен жұмыстан босатылу, еңбек шарттары аясында қалғандай. Содан болар, 2014 жылы «Кәсіподақтар туралы» заң қабылданғанымен, ұйымның қажеттілігіне күмәнмен қарайтын топ әлі бар.

– Кәсіподақ ұйымының қажеті жоқ деп санаймын. Себебі, қызмет істеген жылдар үшін жұмысшылардың құқығын қорғаған сүбелі үлесін көре алмаймын. Ұйым пайдасына ай сайын алынатын жарна да тым орынсыз. Кәсіподақ ай сайын әрбір медицина маманынан 2000 теңге жуық қаржы алады. Мәселен, өзін еңбек ететін Қазалы ауданын алайық. Аудандағы медициналық мекемелердегі маман саны 3 мың адамға жуық. Ай сайын әрбір жұмысшының жалақысынан қаржы ұстап отырса, жыл соңында 50-60 млн теңге

әр жұмысшының құқығын қорғап, әлеуметтік қысымды бәсеңдетуге, азаматтық қоғамды қалыптастыруға күш салады. Маңызды әлеуметтік институт ретіндегі салмағы қарапайым жұмысшыға демеу.

Өрине, ұйымда көптеген мәселе барын жазырмаймын. Жаңару, өзгеріске бет алуға, жұмысшылардың талабына сай болуға икемделуі қажет. Кәсіподақ өкілдері ұйым мүшелерімен кездесуді көбейтіп, жұмысшылардың құқығын білуіне арналған жобалар әзірлеуі пайда әкелер еді, – дейді медиа-маман Е.Ораханұлы.

P.S. Кәсіподақ ұйымының қаншалықты қажет екенін бағамдау өзгере қиын. Дегенмен, азаматтарды құқық тұрғысынан қорғау, ұжымдық келеңсіздікті шешу тұрасында белгілі бір дәрежеде көмегі бар секілді. Ал қаржылық ашықтық пен түсіндірме жұмысының оқпалығы өлі де болса салаға жаңарту жүргізу қажетін дәлелдей түсуде.

Берен ШАҒЫРОВ



Сіз білесіз бе, сіз қан тапсыру арқылы бір мезетте үш адамның өмірін құтқарып қала аласыз. Одан бөлек, былайғы өмірде қан тобыңызды білмей жүрсеңіз, қан тапсырған соң қан тобыңыз тұрмақ, оның құрамын, денсаулығыңыздың жай-күйін, барлығын білесіз. Сондай-ақ, талай аурудың алдын алатын пайдасы тағы бар. Халық бұл процестің пайдасын жақсы меңгерген. Жыл басынан бергі үш айда 3 276 адам жүгіссе, оның 2 618-і қан тапсырған. Уақыт өте келе қан тапсырудың пайдалы екенін ұғынып, алғашқы қадам жасағандары да бар. Биылғы келушілердің ішінде 603 қан тапсырушы бірінші рет келгендердің қатарында. Қан орталығындағы қайнаған қызу тіршіліктің арасында халыққа қызмет етіп жүрген донорлықты ұйымдастыру жөніндегі дөрігер Фариза Сейітхановамен пікірлесіп, қан тапсыру жайына қанықтық.

Елімізде жылына 200 мыңнан астам донор болады екен. Медицина мамандарының айтуынша, донорлық қан қюя акушерлік сала, онкогематология, хирургия, травматология бағыттарында кең қолданысқа ие. Қазақстан бойынша 300-ден астам дөрігер, 700 медбике, стационарларда 500-ден астам дөрігер жұмыла жудырық болып еңбек етеді. Жыл сайын Қазақстанда 200 мың литр қан жиналып, өңделеді. Мұның барлығы халықтың денінің саулығына жасалып жатқан жағдайлардың бір парасы ғана. Бүгінде қан орталығы мамандары аталған саладағы қордың жинақталуына еңбектеніп келеді. Жылына бірнеше мәрте дәстүрлі түрде қан тапсыратын да адамдар жетерлік. Негізінен араға 2-3 ай салып, келетін донорлар да көптеп кездесетін көрінеді. – Донорлар қан тапсырудың адам ағзасына қаншалықты пайдалы екенін жақсы біледі. Бізге

келушілердің арасында қан қысымы бар кісілер бар. Олар тұрақты түрде қан тапсырып, қан қысымын түсіреді. Бірақ тұрақты дәрі іспеу керек. Қанайналым жақсартады. Тапсырған қанның орны толуы үшін адам ағзасындағы барлық клеткалар оянып, соған белсенді жұмыс істейді. Эритроцит, троамбоцит тәрізді клеткалар оянган соң ағзада жаңа қан түзіледі. Оның он түрлі пайдасы бар. Тері жаңарады, семіздіктің алдын алады. Ер кісілерде ұйқы ашылады. Әл кәй жағдайда өлік адамдар етеккір тоқтағаннан бастап келеді. Жақында бір кісі келіп, өзі қан тапсыруды бастады. Айтуынша, оның әкесі бала күнінен қан тапсырып келіпті. Инфаркт алғанда сол қан тапсырғанның арқасында тамырлардан қан жүрег жолдары таза, бітелмей сол дертті жеңген екен. Міне, қан тапсырғанның пайдасын айқындайтын бұлтартпас дәлел осы емес пе? – дейді Фариза Қалдыбекқызы. Бүгінде сирек кездесетін қан

топтарына теріс мәнді I, II, III, IV топтап жатады. Ал осы қан тобы қажет болған жағдайда дереу қордан қарайды, болмаса базадағы донорлардың ішінен тауып, шақырып жатады. Мұның барлығы адам өміріне араша болған ақ халаттылардың кәсіби шеберлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті зор ықпал етсе керек-ті. Тіпті, аудандардан да шұғыл алдыратын кездер болады. Білікті маман мұндай шақтардың қайсы бірінде де ақ халаттылардың өз қызметін дер кезінде мүддірей атқарып жатқанын жеткізді. Айтпақшы, қазір де бала көтере

кездеседі. Мысалы, отбасында бірыңғай қыз немесе

жақсы болған жөн. Витаминдер, пайдалы тағамдар жеген абзал. Сонда екі айдың ішінде адамның бойындағы қан айналымы да, қан құрамы да қалыпқа келеді, – дейді Фариза Қалдыбекқызы.

Бекет МАНТАЕВ, тұрақты қан тапсырушы:

– Мен 20 жылдан бері тұрақты қан тапсырып келемін. Алғаш тапсырған уақыттарда жас хирург болдым. Түнгі кезекшілікте тұрамыз. Қаншама науқас келіп жатады. Қан жетпей жатқанда, қан тапсырып бастадық. Оның үстіне сенің тамшыдай қаның қанша адамның өміріне сеп болады. Біреуе көмегің тиге, бақытты боласың ғой. Одан бөлек, өзіннің денсаулығына да қаншама пайдасы бар. Бұл адамгершілік жағынан да, шаруа тұрғысынан да ізгілікті іс деп есептеймін.

Қарлығаш ТУЛЕУОВА, тұрақты қан тапсырушы:

– Жасым 40-қа келгенге ауырып көрмедім. Қырықтан аса бере көзім қарауытып, қан қысымым көтерілетінді шығарды. Содан бір кісі қан тапсырып көрсен қайтпеді деді. Әдейілеп барып тапсырдым. Бірінші барғанымда қанымды бір бөлімше жүріп әрең алды. Қюя екен. Содан қан алып жатқан дәрігер «Сіздің қаныңыз сирек кездесетін топтан. Сіз екі ай сайын келіп тұрыңыз» деді. Осы тапсырған соң көзімнің қарауытқаны да, қан қысымымның көтерілгені де қойды. Жүрек соғысы қалыпты болды. Келесі барғанда бұрынғыдай емес, оңай алынды. Қазір тұрақты тапсырып жүрмін. Денсаулығым да жақсарды. Айналадағы жақындарыма да қан тапсырып, донор болудың пайдасын айтып жүрмін.

Бүгінде қан орталығына күнделікті 30-40 адам келіп, қан тапсырады. Мұның өзі халықтың донорлыққа деген көзқарасының жоғары екендігін көрсетеді.

Дәулет ҚЫРДАН

Қазақстанда жыл сайын пациенттерге 400 000-нан астам доза немесе күніне 1 мыңнан астам доза қан орталықтарына күн сайын орталықтарына күн сайын ер адамдар еркіт келеді. Донолардың 68 процентін ер адамдар құраса, 32 проценті – әйелдер. Ал елімізде 100-ден аса «Күрметті донор» бар екен.

ҚЫЗЫМОРДА «КҮРМЕТТІ ДОНОРЛАР» ТҰРАДЫ

бірыңғай ұл балалар өмірге келсе, ер азаматы қан тапсыруға келіп, ағзасын жаңартып кетеді. Әрине, ол жалғыз біздің ғана пайымымыз емес, сала дәрігерлерінің де кеңесі бопса керек. ЭКО арқылы бала келтуге

алмай жүргендер мен баланың қыз немесе ұл болуын қалайтқындар да қан тапсыру арқылы ойдағы армандарына қол жеткізіп жүр деседі. – Бізде бұл бағытта бірнеше жағдайлар бар. Қан тапсырған соң организмді жаңартып, талай жылдан бері күлкі жүктілікке қол жеткізгендер де бар. Жолдасының кеңесімен келіп, қан тапсыратындар да

ҚЫЗЫЛШАДАН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА БОЛАДЫ?

Қызылша – ауа-тамшы жолымен жұғатын жедел жұқпалы вирусты ауру. Инфекцияның көзі – науқас адам. Бастапқы 10 күнде науқас адам өте жұқпалы болып есептеледі. Бұл аурумен барлық жастағылар ауырады, көбінесе балалар жиі ауырғанымен, оларға жаппай екеп жасалынып жатқандықтан, соңғы кезде ересектер арасында аурушандық артуда. Ару белгілері байқалса, жұқтырмас үшін қарым-қатынасын дереу тоқтату керек. Мұндайда бірден емханаға барып, зертханалық сынамаларын алғаннан кейін диагнозды инфекционист-дөрігерлер қояды. Дөрігердің жолдамасымен тағы да қажетті анализдерді тапсыруы қажет. Дөрігерлер аурумен қарым-қатынаста болған адамдардың бәрін 21 күн бойы тексереді. Балалар арасында бұл дерт жиі кездеседі, әрі аса қауіпті инфекция саналады. Өйткені бұл инфекцияның емі жоқ. Қызылша деп аталуының да өз мәні бар. Баланың ыстығы көтеріліп, денесін бөрте басады. Бұл дерт ертеден белгілі. Статистикаға жүгінесек, вирусты он адамның тоғызы жұқтырады. Сондықтан ол жұқпалы жоғары тыныс алу жолының инфекциясы қатарына жатады. Бұл дерттен менингит секілді әртүрлі асқынұлар туындайды. Қызылша пен қызылша аурулары балалар инфекциясы саналғанымен, оның жұғу көрсеткіші аса жоғары. Қазір ол коронавирус тәрізді жылдам жұғып, тез таралады. Вирустың алдын алмаса пневмония, энцефалит ауруларына шалдығу қауіпі бар. Сол үшін дерт кезінде дөрігерге жүгіну керек. Көбінесе қызылшамен 5 жасқа қадейінгі балалар немесе 20 жастан асқандар ауырады. Оларда құлақ қуысы, мойын тұсы ауырады, көз ауруы барларда соқырлыққа дейін асқын қауіпі болуы мүмкін. Сондықтан уақаскелі дөрігер ауруды жиі бақылап тұруға тиіс. Тағы бір айта кетерлігі, қызылшаны арнайы емдеу тәсілі жоқ. Науқас сұйықтық көп ішуі керек. Дөрігер науқасқа қызу түсіретін, мұрын бітелуіне және тамақ ауруына қарсы дәрілер мен витаминдер тағайындайды. Асқынған науқас аруханаға жатқызылады. Қызылшамен ауырмаудың ең тиімді әдісі – вакцина алу. Қазақстанда қызылша, қызылша және паротитке қарсы вакцина тепі.

Гулдана БАЛАПАНОВА, №6 қалалық емхананың мейіргері



Облыстық психикалық денсаулық орталығы қашанда жас мамандарға қолдау көрсетіп келеді. Соның нәтижесінде талай түлек өзінің еңбек жолын аталған емдеу мекемесінен бастап, тәжірибелі дөрігерлермен иық тіресе жұмыс істеуде. Солардың бірі – Ақжан Дәрібаева.

ЕЛДІН АЛҒЫСЫ ШЫНАУЫ БАҒА

Ол – Астана медициналық университетінің түлегі. Резидентураны Ақтөбе мемлекеттік медициналық университетінде тәмамдаған. Бүгінгі күні дөрігер-нарколог орталыққа қарасты емханада еңбек етіп келеді. Дертіне шипа іздеп келген науқастарға медициналық көмек көрсетіп, сауығына себепкер. Бала кезінен дөрігер болуды армандаған едім. Халық саулығы жолында тер төгуді мақсат еткен болатынмын. Міне,

бүгінде облыстық мықты дөрігерлерімен бірге бір ұжымда еңбек етіп келемін. Тәжірибесі мол, біліктілігі жоғары әріптестерімнен үйренерім көп. Аға буын өкілдері де мүмкіндігінше бізге жол көрсетіп келеді», – дейді Ақжан. Бүгінгі таңда темекінің түр-түрі бар. Оны жас та, жасамыс та тұтатып жүргенін көреміз. Ал зияны шаш етектен. Жас маман осыған қынжылатынын да айтады. – Темекі зиян. Статистикаға көз жүгіртсек, темекіге деген қызығушылықтың азайғанын аңғару қиын. Жыл сайын ғаламдық темекі індеті

7 миллионнан аса адамды өлімге душар етеді, оның 900 000-ға жуығы шымшымкор емес, темекі түтінімен дөмапғанын нәтижесінде қаза табатынын. Өлемде 1 миллиардтан астам шымшымкорлардың 80%-ға жуығы табыс деңгейі төмен елдерде өмір сүреді. Өлемде өлім-жітімнің басқа кез келген себептеріне қарағанда, жүрек-қантамыр ауруларынан көп адам қаза табады, ал темекі шегу мен темекі түтінін қайта жұтудың әсеріне жүрек ауруларынан болатын өлім-жітім дерегінің шамамен 12%-ы тиесілі, – дейді дөрігер. Бүгінде электронды темекіге


әуестенетіндер қатары да көбейді. Тіпті арасында қыздар қауымы да бар. Мұның да зиянын дөрігерден сұрастырдық. – Электронды темекінің құрамында еріткіш бар, бұл өте қауіпті. Құрамындағы формальдегид, никотин, полипропилен, глицерин, акрилен сынды химиялық қоспалардың зиянды әсері көп. Мысалы, полипропилен химиялық қоспасы аллергиялық реакция тудырады, тыныс алу жолдарының қабыршақтарын тітіркендіреді. Формальдегид бауырда жиналады, қанды ұйытып тастайды. Сонымен

қатар бұл темекіні тартқан адам шылым шегуші болып саналады, өйткені азғаға никотин түседі, тәуелділік туындайды. Электронды темекі адам екіпесі ірітіп жбереді. Сондай-ақ, ғалымдар адамның жүрегі мен миына әсер ететінін анықтаған, – дейді маман. Мамандығына шын берілген дөрігер саламатты өмір салтын қалыптастыруға саналы жұмырын арнайды. Дөрігер Ақжан Дәрібаева да мамандығына жұмыс деп қарамайды, ел саулығына үлес қосу адамгершілік парызым деп біледі.

Мәлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

«36 фильмнен құралған бүт тізімді қазақстандық орта мектептерде болашақта енгізілуі мүмкін деген «Кино өнері» пәніне арнайы жасадық. Егер оқушыларға аптасына бір мәрте (90 минут) көрсетілген жасаса, жылына 36 фильм шығады.

Өрне, мұндай ой идея тұрғысынан, ұйымдастырушылық, техникалық жағынан да іске аспаған утопия болуы мүмкін. Олай болса, бүт тізім заманауи әлемдегі ең маңызды өнер түріне қадам басқысы келетін жас қазақ...



стандық-тарға ұсынған тізім болсын. Оны құрастыру барысында ең алдымен жаңа, өзіндік кинематографиялық тілі, қайталанбас авторлық стилі мен қолтаңбасы бар картиналарға көңіл бөліңді. Сонымен бірге фильмдердің жарп алғандығын ескеруге тырыстым. Картиналардың қабылдау дәрежесін, болжамды көрермендердің жасын, біздің өлкенің мәдениет ерекшеліктері мен ақпарат құндылығын да ұмытпадым» дейді белгілі кинорежиссер, кәсіби маман Дәрежан Әмірбаев. Ендіше, оқырманға әлемнің үздік туындылары араласқан тізімді ұсынамыз.

- 1. «ЛЮМБЕРЛЕР» – "Lumières" (деректі, авторы Т.Фремо, 2016, Франция)
2. «ПОТЁМКИН» БРОНДЫ КЕМЕСІ – "Броненосец "Потемкин" (реж. С.Эйзенштейн, 1926, КСРО)
3. «КИНОАППАРАТЫ БАР АДАМ» – "Человек с киноаппаратом" (реж. Д.Вертов, 1929, КСРО)
4. «АНДАЛУЗ ИТИ» – "Un chien andalou" (реж. Л.Буноэль, С.Дали, 1929, Франция)
5. «ЖЕР» – "Земля" (реж. А.Довженко, 1930, КСРО)
6. «ЖӨЛДІР ПЕРІШТЕ» – "Der blaue Engel" (реж. Д.Штернберг, 1930, Германия)
7. «М – ҚЫЛМЫСКЕР» – "M - Eine Stadt sucht einen Mörder" (реж. Ф.Ланг, 1931, Германия)
8. «ҮЛКЕН ҚАЛА ОТПАРЫ» – "City Lights" (реж. Ч.Чаплин, 1931, США)
9. «ТӨРТІП ҮШІН НӨЛІ» – "Zéro de conduite: Jeunes diables au collège" (реж. Ж.Виго, 1933, Франция)
10. «ЖАБЫҚ АРБА» – "Stagecoach" (реж. Д.Форд, 1939, АҚШ)
11. «РАСЕМОН» – "Rashomon" (реж. А.Кurosawa, 1950г., Жапония)
12. «ТОҚОЙЛЫҚ ОҚИҒА» – "Toku no pogodan" (реж. Я.Озю, 1953, Жапония)
13. «ЖОП!» – "La strada" (реж. Ф.Феллини, 1954, Италия)

- 14. «БҮЛДІРГЕН АЛАҢЫ» – "Smultronstället" (реж. И.Бергман, 1957, Швеция)
15. «ХИРОСИМА» – "Hiroshima mon amour" (реж. А.Рене, 1959, Франция)
16. «ҰРЫ» – "Pickpocket" (реж. Р.Брессон, 1959, Франция)
17. «ТӨРТ ЖҮЗ СОҒҚЫ» – "Les quatre cents coups" (реж. Ф.Трюффо, 1959, Франция)
18. «СОҒҒЫ ДЕМДЕ» – "A bout de souffle" (реж. Ж-Л.Годар, 1960, Франция)
19. «ПСИХО» – "Psycho" (реж. А.Хичкок, 1960, АҚШ)
20. «БОС ҚЫЗМЕТ ОРНЫ» – "Il postò" (реж. Э.Ольми, 1961, Италия)
21. «ИВАННЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ» – "Иваново"

- детство" (реж. А.Тарковский, 1962, КСРО)
22. «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» (реж. А.Қарсақбаев, 1963, КСРО)
23. «МАТӨЙДЕН ІНЖІЛ» – "Il vangelo secondo Matteo" (реж. П.П.Пазолини, 1964, Италия)
24. «АЛДАР КӨСЕ» (реж. Ш.Айманов, 1965, КСРО)
25. «BLOW-UP» (реж. М.Антониони, 1966, Англия)
26. «НӨЗІКТІК» – "Нежность" (реж. Э.Ишмухамедов, 1966, КСРО)
27. «ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ» (реж. Б.Шамшиев, 1968, КСРО)
28. «ҚЫЗ ЖІБЕК» (реж. С.Қожықов, 1969, КСРО)
29. «ӨУЕЗШІЛ САЙРАҚ БОЛҒАН ЕКЕН» – "Жил певчий дрозд" (реж. О.Иоселиани, 1970, КСРО)
30. «ҚЫЗЫЛ АЛМА» – "Красное яблоко" (реж. Т.Өкеев, 1975, КСРО)
31. «ВЕРМЕЕРДІҢ НЬО-ЙОРКТЕГІ ЖҰМЫСЫ» – "All the Vertueers in New York" (реж. Д.Джост, 1990, АҚШ)
32. «ТӨКЕНШЕК» – "Селвинчек" (реж. А.Арым-Құбат, 1993, Қырғызстан)
33. «КАРДИОГРАММА» (реж. Д.Әмірбаев, 1995, Қазақстан)
34. «ЖАЗҒЫ ЕРТЕГІ» – "Conte d'été" (реж. Э.Ромер, 1996, Франция)
35. «ШИЕ ДӘМІ» – "Ta'm e guilass" (реж. А.Кияростами, 1997, Иран)
36. «МЕНИҢ МАХАББАТЫМ» – "Моя любовь" (мультифильм, реж. А.Петров, 2006, Ресей)

365 КҮНГЕ – 36 ФИЛЬМ

Бетті дайындаған: Дина БӨКЕБАЙ

Сонымен «Джохан», «Бамыт», «Сенбе» сынды картиналардың қатары сәуір айының соңына қарай «Хота бы кинода 2» туындысымен толықты. Бір жыл бұрын миллиондаған қаралымымен киногертлардан да, ютуб желіснен де өз көрерменін жинаған туынды дубляж бен театр актеры Қайрат Әділгерейдің бастамасымен түсірілген еді. Бірінші фильмнің режиссері – Тимур Дулатов (Жапония). Ал екінші бөлімде киноның тізімінен Ернар Нұрғалиев ұстады. Бірінші бөлімі ютуб желісіне жарияланған 11 күннің ішінде 2 миллионнан астам қаралым жинады. Жалпы бірінші мен екіншінің айырмашылығы неде? Комедия неге жылтатты? Киноның түсірілімі барысы қалай, қайда өтті? Туынды авторларының мақсаты қандай? Осы сұрақтарға бірге жауап іздеп көрейік.

27 сәуірде ұсынатын екінші бөлім жыл басында, қаңтар мен ақпан айларының аралығында түсірілген өкен. «Қаринда жаза мезгілі болу керек. Сондықтан Араб әмірлігін, Индияны, Тайландты негізгі нұсқалар ретінде қарап көрейік. Климаты мен қаржылық жағына анализ жасай отырып, Тайландтағы Пукет аралында түсіретін болады. «Пукет» Тайландта орналасқан демосен, онда бір қазақтар» деген сынды әзіл-шыны аралас өңгімені естген едім. Кино түсіруге барғанда шынмен де көзім жаңы. Аралдың ең танымал даңғылында біздің актерлық құрамды көрген қазақтар фотоға түсіп, өзміздің Алматыда жүргендей күйі

көштік. Ал екінші бөлімнің артықшылығына тоқталсақ, Екінші бөлімде саясат, махаббат, достық тақырыбы да бар. Жанры жағынан комедия мен драма, мелодрама қатар жүреді. Сондықтан жаңа туындымыз қазақ кино протындағы жаңалық болып, көрерменді таңқалдыруы керек. Касса жағынан 2 миллиард теңге жинаса деген арманым бар. Өрне, жақсы сөз – жарым ырыс. Дегенмен таразыда көрермен талғамы бар, қазақша фильмге деген қолдау мен көзқарас бар. Натигесін алдағы уақытта көре жатармыз», – дейді Қайрат Әділгерей.

Мойындау керек, комедия – күлделі жанр. «Қашанға дейін қазақтар комедия түсіре береді? Режиссерлардың қолынан одан басқа ештеңе келмейді деген сынды сұрақ, көкісін сөздерді жиі естимін. Алайда кез келген дамыған мемлекеттің киноиндустриясына мән берсек, барлығы комедиядан бастаған. Мысалы, Корея драма жанрына көшес бұрын 30 жыл комедия түсірген. Көршілес Ресей де 20 жыл бұрын тек қана осы жанрда түсіретін. Қазақстандық киноиндустрия да осыған келе жатыр.

Комедияда да драма бар. Күлкінің астарында қандай да бір сыр болады. Сондықтан нағыз «Хота бы кинода 2»: БЕРУШІ ҚОЛ МЕН АЛУШЫ ҚОЛ ТЕҢ

Балаға арналған қазақша контенттің сапасы да, саны да маңызды. Себебі жаһандану дәуіріне қадам басқалық техника мен ғылымның тілі де қазақшаланып келеді. Ал өзін де, әлемді де өнді танып келе жатқан бала санасына мұның маңызы зор. Осы орайда бірер жыл бұрын «Өзіңнен баста» жобасы аясында қазақ тілінде дублядалған анимациялық туындылар тізімін ұсынамыз.

«Батыл жүрек» – Pixar және Walt Disney Pictures компаниясы 2012 жылы шығарған компьютерлік мультифильм. Басты рөлдерді Іңкәр Әбдіраш, Телуебек Арапбай, Айжан Дәулетбаева, Гүлжамал Қазақбаева дыбыстайды. Шотланд тауларының тылсымға толы сілемдері туралы гасырлар бойы неше түрлі аңыз-өңгіме айтылып келеді. Садакшы ханшайым Мерида тағдырын өзі шешемін деп жүріп, шотланд тайпаларының арасында жанжал туғызға себепші болады. Мериданың қатесінен бүкіл патшалыққа қауіп төнеді. Қыз аңызда ғана айтылатын сиыр, дуаға көзіп, тауда өмір сүретін құбықшықа жалғыз қарсы тұрады.

«Моана» – Walt Disney Animation Pictures компаниясы 2016 жылы шығарған толықметраж мультифильм. Басты рөлдерді Мақпал Исабекова мен Бүркіт Жансейітов дыбыстайды. Аталған анимациялық фильмде Тынық мұхитындағы кішкентай аралда мекендейтін тайпа кесемінің қызы Моаның бастан кешкен оқиғалары баяндалады. Ол кішкентай кезінен саяхаттауды армандайды. Алайда тайпа заңдары саяхаттауға тыйым салады. Себебі ежелде Мауи өсімді жартылай құдай өмір Құдайы Те Фитиді жүргіні ұрлап кетеді. Соның әсерінен лава Құдайы Те Ка оянып, жер бетіне жақсылық атаулығын жоюға құмар түнек түседі. Нәулет суға жақсын кемелерді, артында бүтіндей аралдарды бір-бірілеп жоя бастайды. Моаның әжесі Далаңың айтуынша, мұның бәрін тоқтату тек немересінің қолынан келеді. Ол Мауиді таулар, мұхитқа көсіп өтіп, зұлдымдыққа қарсы күресуі тиіс.

«Коконның құпиясы» – Pixar Animation Studios және Walt Disney Pictures компаниясы 2017 жылы шығарған

толықметражды анимациялық фильм. Ақарыс Әшімхан мен Құралай Ешмұратова дыбыстайтын мультифильмде 12 жасар Мигельдің шытырман оқиғасы баяндалады. Отбасының қарсылығына қарамастан Мигель мұзикамен айналысады. Куири Эрнесто де ла Крус сияқты тәжірибелі музыкант болуды армандайды. Бойындағы талантың дәлдеуі үшін Мигель сүйкімді өткірші Гекторды кездестіреді. Екеуі саяхаттап, Мигельдің туыстары туралы шындықты іздейді.

«Көліктер 3» – Pixar Animation Studios және Walt Disney Pictures компаниясы 2017 жылы шығарған америкалық толықметраж мультифильм. Бұл – 2006 және 2011 жылы шыққан анимациялық туындының жалғасы. Басты рөлдерді Нұсанбек Жұбанбаев, Азамат Қанайша, Сая Тоқманғалиева, Сырым Қашқабаяв, Нартай Сауданбекұлы және Маржан Арапбаева дыбыстайды.

Көпшіліктің көзімына айналған Найзағай Мақкундидің жасын жалғасын табады. Жарыс алаңында жаңадан жүрік машиналар пайда болып, Найзағай өзара бәсекелестікке қауқарсыз болып шығады. Бірақ ол соңына дегіні берілімге, Қура Тармағез өсімді талантты механиктің көмегіне жүгінеді. Екеуі Мақкундиді бұрынғы дәрежесіне қайта оралту үшін іске кіріседі. «Суперотбасы 2» – Pixar Animation Studios



ТОП 365 ҚАЗАҚША АНИМАЦИЯЛЫҚ МУЛЬФИЛЬМ

және Walt Disney Pictures компаниясы 2018 жылы шығарған анимациялық мультифильм. Режиссер-сценарист – Брэд Берд. 2004 жылы шыққан мультифильмнің жалғасында басты рөлдерді Ақиркем Әділгереева мен Дидар Құралбаев дыбыстайды. «Суперотбасы» бірінші бөлімінен соң ығли көпшіліктің назарында болды. Теледидар экранынан Ерекше қанымынан күйеуіне қарағанда әлдеқайда жақсы көрінетін белгілі еді. Ерекше мырза көбіне үйінде отырып, балаларына қарайды. Олардың әрқайсысы өздерінің өнер қабілетіне иеза емес еді. Бірақ супер отбасына үлкен дұшпанын қатар төніп тұрғанда отбасылық мәселелер екінші орынға ығысады.

«Хота бы кинода 2»: БЕРУШІ ҚОЛ МЕН АЛУШЫ ҚОЛ ТЕҢ. Сөңғы уақытта қазақстандық киноиндустрияның жаңа туындылары тек көрермен ғана емес, сала мамандарының да қызығушылығын туыдырып, өзіне назар аудартуда. Ең қызығы, олардың басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыспен немесе мәдениет министрлігі тарапынан қолға алынған дүниелер емес, көрініше, жеке бюджеті арқылы жас режиссер, сценаристердің жасап жатқан кинокартиналары. Бұл қазақстандық тын туындылардың қазақтардың көңілінен шығып жатқанын, сұраныстың барын көрсететіні анық. Себебі комедия жанры бұрыннан бар болғанымен әлі күнге дейін маңызы мен құндылығын жоймай келеді.

ЗИЯТКЕР ОТБАСЫ АНЫҚТАЛДЫ



Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» Халықаралық отбасы күніне орай «Зияткер отбасы» отбасылық интеллектуралды сайысы өтті. Сайысқа арнайы қатысқан облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов барша қатысушыларды айтулы мөрекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Алмасбек Әбілқасымұлы отбасы институты мен ұлттық құндылықтарды жағыртудың маңызына тоқталып, мемлекет іргетасының берік болуы үшін отбасы институтын қолдау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

Білімді, коммуникативті, ізденіш әрі тапқыр тұлғаларды дарапал, отбасы құндылықтарын дәрiптeудi мақсат еткен сайысты «Кітап құрттары» клубының жетекшісі Талғат Мeндiбаев жүргізіп, мазмұнды әрi креативті сұрақтарын ұсынды. Сайысқа 7 команда қатысып, 5 кезеңнен тұратын додада бақ сынады.

Сайыс қорытындысымен білімділігімен ерекшеленіп, үздік ойын өрнегі көрсеткен Байұловтар отбасы I орынды қанжығасына байлады. Сайыстың II орны Оспановтар отбасына бұйырса, III орынды Байжігітовтер отбасы иеленді. Ал «Көңілді отбасы» номинациясын Исабаевтар отбасы, «Шығармашыл отбасы» номинациясын Супатаевтар, «Креативті отбасы» Әбілхан және «Дарынды отбасы» номинациясын Бисембаевтар отбасы иеленді. Барлық жеңімпаздар мен қатысушыларға диплом мен бағалы сыйлықтар табысталды.

ЖАС ИНТЕЛЛЕКТУАЛДАР САЙЫСТЫ



«Темір қазық» қоғамдық бірлестігі мен Жалағаш аудандық «Жастар ресурстық орталығы» Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығына орай жоғары сынып оқушылары арасында «Ұшқыр ой» интеллектуралды сайыс ұйымдастырды.

Сайыстың мақсаты – бәсекеестік бәйгесінен қалмайтын ұшқыр ойлы интеллектуалды ұлтты дәрiптeу. Шараны аудан әкімінің орынбасары Ф.Сүлейменов ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сайысқа барлығы 15 мектептен 45 оқушы қатысты.

Нәтижесінде I орынды Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі, II орынды №114 орта мектебі, III орынды, I.Қабылов атындағы №32 мектеп-лицейі иеленді.

ТАБИҒАТ АЯСЫНДА ТАҢҒЫ РЕТРИТ



Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен қыз-келіншектерге табиғат аясында таңғы ретрит ұйымдастырылды.

Таңмен таласып, табиғаттың қуатын сезінуді, энергия алмасып, қаланың қым-қуыт тіршілігінен бір сәт серпілуді мақсат еткен шара өз миссиясын толық орындады. Нәзікжандылар алдымен таң мен жаңбыр тыныштығы үшін йота жаттығуларын орындады. Жиналғандар бау әуен ырғағымен нейроргафикалық жаттығулар жасап, арт-терапиядан өтті.

Орталық психологы қыздар мен келіншектерге отбасылық жағдай, қарым-қатынас, өзара келісім бойынша түрлі кеңестер беріп, уақытты ұтымды пайдалануға тырысты. Мұндай танымдық шаралар алдағы уақытта өз жалғасын табады.

Білім – көмел келешектің кепілі екеніне ешкім күмән келтірмейді. Оқу адамды ойлы ететінін алға тартсақ, білімнен қол үзгенін болашағы бұлыңғыр болатыны белгілі. Білім шырағын сөндірмеген жас ғана қараңғылық құрсауынан шығып, жарқын өмірге қадам басады. «Арман деген көп бөлес, біріне шықсаң, бірі бар» деп Ғ.Мұстафин айтпақшы, ойы тұнық оқушылар әлдеқашан жоспарын жүзеге асыра тастаған. Сондықтан болар, ұлттық бірыңғай тестілеуде ұтқырлық танытып, олимпиадада олықлық танытқаны келмейді.

Мақсат-мұратына білім баспалдығымен шығатынын негізге алғандар алғұрлық таңытуда алда келеді. Үздіктердің үмітін үзбей, қолдауда қол қусырғып қарап қалмайтын облыс әкімдігінің де жемісті жұмысы әр оқушыға дем бергені белгілі. Көзінде от ойнаған, сөзінде салмақ, ісінде нәтиже бар оқушылардың берілген мүмкіндікті пайдалануда қалыс қалмайтыны қуантты. Мұны біз өңірлік коммуникациялар қызметі мен облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен іс-сапарда байқадық.

Арап ауданында орналасқан «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы 2022 жылдың қазан айынан бастап «Сыр дарыны» оқу-жаттығу жылын өткізіп келеді. Облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асып жатқан жобаға 7-10 сыныптардан іріктеліп алынған 480 оқушы қатысып жатыр. Олар жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша бақ сынап, мектеп мәртебесін көтеріп, аймақ абыройын асқақтатып келеді. «Дарын» облыстық қосымша білім орталығының директоры Айжан Тұрғанбекжызының айтуынша, 3000 оқушыдан 900 оқушы іріктеліп, «Талдысу» мен «Қамбаш» облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталықтарының оқу-жаттығу жиындарына қатысуға мүмкіндік алған. Екі орталыққа 480 оқушыдан бөліп берген. – Мақсатымыз – Сыр бойындағы дарынды жастарды анықтау, қолдау және дамыту.

Оқу-жаттығу жынында ең шебер ұстаздар білім беруде. Мықты мамандардан дәріс алған Қызылорда облысының оқушылар жунда ғана өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілген республикалық олимпиаданың жаратылыстану-математикалық бағытында екінші орын иеленсе, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы үздік үштікке ілінді. – дейді Айжан Қиянбекова. Әр

жауап берудің өзі мәдениеті мен білімінің деңгейін көрсетті. Сапалы білімнен соң оқушылардың тестілеу мен олимпиадада сағы сынбайтыны сөзсіз. Өйткені терең білімі, таным түсінігі қалыптасқан шын дарын өзін қай кезде де дәлелдей алады. Қазіргі жұмысымыз балалардың болашағына өте жақсы әсер

қызығушылығымен айналысуға мүмкіндік берілген. – Бала күнімен бастап суретке қызығамын. Бос уақытта қолыма қалам мен қағаз алып, сурет салуға тырысамын. Сурет салу жан тыныштығын сыйлап,

СЕНІМДІ АРҚАЛАҒАН «СЫР ДАРЫНЫ»




Білім орталықта ҰБТ-ға дайындалып кеткен оқушылардың алды шетелде білім алуда. «Сыр дарыны» оқу-жаттығу жыны жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Балалардың білім алуына бар жағдайды жасап жатырмыз. Тіпті, смартфондарын жинап алып, тек қажетті жағдайларда ғана қайта береміз. Оған ата-аналары ренжіген емес, – дейді Рахан Байтілесұлы. Тәрбие мен тәртіпті тоғытырып, баласы баса назар аударған орталыққа оқушылардың айтар алғысы шексіз. Балалардың бірге өткізген шақтарын, сәулеті сәттерін естен шығармайтынын жанарынан сөзсіз ұғынасың. Еркіндік пен естілікті байланыстырып, сабаққа да, шараға да атсалысып, белсенді болуы арқайсысының лидерлік қасиетін айқындатты. Балаға бейжам қарамайтын орталықта білім беретін мұғалімнен бөлек психолог мамандар мен арнайы медпункт жұмыс істейді. Уақытыты тамақ беріліп, бос уақытта суға түсу бассейні, үстел теннисі, сурет салу кабинетіне барып

етеді.

күйзелістен арылтады. Негізгі математика пәнінен мұғалім болуды қалаймын. Бұйырса ұлттық бірінші аур тестілеуден жоғары балл енішпел, жоғары оқу орнына түсіп, ұлы математиктерді дәйралайтын ұстаз болғым келеді. Бірақ, өмірімді суретпен байланыстыруды тоқтатпаймын. Болашақта сурет мектептерінен ашқым келеді. Осы ретте «Сыр дарыны» оқу-жаттығу жынына алғыс білдіргім келеді. Білікті мамандардан білім алып, дарынды оқушылармен тәжірибе алмасып, жақын дос таттық. Қосымша үйірмелерге қатысып, білімімізді жетілдірудеміз, – деді Жалағаш ауданы №123 мектептің 10-сынып оқушысы Эльмира Достанова. «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының бала болашағына берер бағыт-бағдары зор. Жанданған жоба жұмысін жоғалтпаса, мықты тұлктерді қанаттандыратыны сөзсіз. Сонда оқушылар да сара жолдан сүрінп, тура бағытынан тайымайды.

Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК



МҮНДЕГІ ТРАДИЦИЯ БАСЫМ БӨЛІМ ТРАДИЦИЯ ЖАСТАРЫНА БЕРІЛДІ

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін грант алған 21,4 мыңнан астам қасқастандық өз ісін игеріп өткен.

Оның ішінде 32 грант алушы ЖШС ашты, 173 адам жеке кәсіпкер ретінде БЖТ төлейді. Гранттардың ең көп саны Қызылорда (3,4 мың) облысына берілген. Бұған дейін хабарланғандай, биыл 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 9 мың грант беру көзделген. Грант беру 4 ағымда жүзеге асырылады. Біріншісінде 2 434 грант берілді.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөнінде аудандық/қалалық комиссияның шешімі негізінде береді. Үміткерлер өздерінің бизнес-жобаларын комиссия отырыстарында таныстырады. Ал отырыстың өткізілетін орны, күні мен уақыты туралы хабарлама Business.evbek.kz порталында грант алуға өтініш берушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

Бұл ретте комиссияның әрбір мүшесі бизнес-жобаларды бағалайды және бағалау парағын мынадай критерийлер бойынша толтырады: бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі, өткізу нарықтарының пысықталуы, бизнес-жобаның қаржылық өміршеңдігі, кәсіпкерлік дағдылардың деңгейі, жаңа жұмыс орындарын құру.

Осылайша, грант беру туралы шешім комиссиялық және үміткерлердің бизнес-жобаларының пысықталуын бағалаудың нақты критерийлері негізінде қабылданады.

Комиссияның шешімі үміткердің Business.evbek.kz порталындағы жеке кабинетіне жіберіледі. Оң шешім қабылданған жағдайда үміткер банктік деректемелерді ұсынады, шартқа қол қояды және одан әрі тоқсан сайын бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті ұсынады. Мұның бәрі халықты жұмыспен қамту орталықтарына бармай-ақ, электрондық форматта жасалады.

«Үялмаған әнші болады» деген сөз рас. Себебі әншілік «карьеряма» тым ерте аяқталды. Бастауызы сыныптан кейін менің дауысымды бірге тұрған пәтерлерім мен үйдегілерден басқа ешкім естімеген. Жаңа жылдық концертте жүргізуші де, өңші де болатын едім. Қалаған уақытыңда поёызға билет алып, балалықтың бал дәмі сезілер өткен күндерге оралуға болатын болса, ойланбастан сол мезеттерді қайта көшім келді...

Шамамен 3 не 4 сыныпта оқитын кез. Ауылда ән байқауы өтетінін естіп, кешке үйге асырып жеттім де, кіре салысымен: «Әнші балапанға» қатысам» дедім. Сөйтсем, бірнеше күннен бері операцияға дайындалып жүрген маман қалаға кетіп қалыпты. Үйде әкем, әкемнің қарындасы ғана бар. Сіңім менен кіші. Олардың байқауға қатысатынымен шаруасы жоқ. Маман сол күні 1 апта әлде 10 күндей қалада ауруханада жатты. Ал мен Шәмшінің «әңгілеп аялап» деген қайырмасымен тамаша ана туралы әнін айтамын деп тынып. Сағынғаннан-ау. Үйіміздің арасында үй жоқ көршіміз болатын. Менімен жасты қызы бар, бір сыныпта оқимыз, бірге ойнаймыз. Жарыс жарысымен, достығымыз үзілген емес. Дайындығы бар, бақары бар «әнші балапан» анықтайтын межелі мезгіл де жетті. Үміт екеуіміз әдемі көйлегімізді киіп күздің

алғашқы айында мәдениет үйіне қарай тарттық. Тізім бойынша алдымен оның кезегі. Балалықтың гимніне айналған «ертегілерді» шыраққа. Өзі сондай көңілді. Бір кезде сахнада тұрған оның айналасына сары жапырақтар шашылды да, күзгі далада жүрген қыздың образындағы Үміт қолына қолшатыр ұстап, әнмен бірге әдемі сахналық көрініс жасап шықты. Тура теледидардан көрсететін әншілер сияқты. Әрине, даладан сарғайған жапырақты теріп әкеліп, қолшатырды да, қойлымды да дайындаған — оның жоғары сыныпта оқитын төтесі мен мамасы.

Бала жүрегім маманды қатты сағынып, оның қасында болмағанына налимын. Енді менің кезегім. Шықтым да, ана туралы әнді орындадым. Жылғаым келді. Өйткені залда менің маман жоқ еді. Ауырып жатқаны да бар. Бірақ одан гөрі Үміттің мамасы, төтесі келді, ал менің маман жоқ деген реніш басымырақ секілді. Жүрегім орындадым, жылғаым келгеннен дайысым дұрыс шықпағандай ма, білмеймін. Сол жылы «әнші балапан» атана алмадым. Үміт үздік шықты. Мұны көргенде одан сайын көңіл-күйім түсіп, үйге қайтып келді. Маман сол кеште менімен бірге болмаса да, төтөмен мен сіңім қолдап келген еді. Ол кезде маманмен сөйлестімдей

смартфон түгіп, әшейін нокиа да жоқ. Өзім қалағандай сахнаға әдемі боп образ жасап шықпадым. Әнші балапан да болмадым. Оны қойшы...


Күнде кешке уәделескендей балалармен бір уақытта жамырап далаға шығатын мен ойнал келіп, үйде отырған жерімде көз іліпін. Түсімде ертегі әлемде жүрмін. Елде жоқ әншімін. Сахнада қызып күйлеп пен әдемі жалтыраған туфли киіп, «Ертегілерді» шырақп тұр өкем. Бәрі қол шашпақтауда, мені жарысып фотоға түсіріп жатыр.

«Жұлдыз, айы — көркем, Әдемі еді неткен! Құстары сөйлейді, Бұттары төрбейді, Мен оянып кеттім, әттен! Ертегілер, ертегілер, Неге мені ертеңдіңдер?! Әлемдеріңнің жақп күйін Шертпедіңдер, сендер...» Осылайша аяқ астынан ертегім үзіліп кетті. «Тура гоі, екі кештің ортасында ұйықтауға болмайды» деп тәтем көтеріп жатыр. Есеніреп отырымын. Жәй ғана түсімде болса гоі. Менің ертегі әлемім. Түсімде болса да «әнші балапан» атанып, сахнаға шыққаным



өзімді бақытты сезініп қалдым. Сол кезден бері түс көруді жақсы көрем... Тек ертегілердің өзімен бірге ертіп кетпейтіні өкінішті.

Қарлығаш РАХМАНҚЫЗ



«БАҚЫТ ТАРАТУШЫ» НЕМЕСЕ АСПАННАН ЖЕТКЕН ХАТТАР

ДШ - ДА БІРІНШІ ТҰРАТЫН ҚЫЗ

Шамамен бастауыштан асқан «балдырған» шағымыз. Оныңбымызда ерекше дәстүр пайда болды. Кім бірінші бастағаны, кім ойлап талқанғы әлі күнге дейін белгісіз. Бір күні қоңыраудан шуылдасып сыныпқа күтіріп келсек, ақ параққа ұзыннан жазылған хат үстемізде тұр екен. Алдыңғы атымен басталатын хаттың соңы әрдайым осыған ұқсас аяқталады: «Егер осы хатты оқып болып, 7 адамға таратсаң, тілегеніңнің барлығы орындалады, бақытты адам боласың. Ал соңына дейін оқып, ешкімге таратпасаң, жолың болмайды, сөзсіздіктер орын алады. Жақын арада анаң қайтыс болуы мүмкін». 10 адамға таратуды сұрайтыны да бар. Осы тектес хаттар сыныптастарымынан келіп тұрады. Балалық әнеғалдық па, қоржыншы па, кім білсін... Мінеетті шаруамызға айналды. Үмітке Наурыз берсе, Наурызға Мұратбек жазса, Мұратбекке Мәулен берсе... сонда Мәуленге хатты таратқан кім? Бірінші кім жазғар? Бұл жауапсыз сұрақтың бірі болып қалды.

Не керек, сыныптағы 2-3 адамға осы хат келсе, қалған 20 адамға 10-10-нан таратылып шығады. Оны қаламмен мәтінін өзгертіп жазу керек. Сосын хаты жоқ адамды тауып, таратып беру керек. Айналып келгенде, бәрі сол «бақытсыз бол

қалмаудың» машақаты сынды. Бір күні сыныпта хат тарататын адам қалмады. Себебі бәрімізде бір-біреуден бар.

Жоғары сыныптарға таратып келіші! — 10 адамға жетпей қалса не болады екен? — Әй, ақмақ, бақытты болу үшін 10-ға жеткізу керек. — Тура 9 болып тұр. — Иә, уақыт өте аты-жөні де, адресі де белгісіз «бақыт таратушының» хаттары әр сыныптан, әр оқушыдан табылатын болды. Бақытты таратқан хаттардың авторы құдай секілді. Арада қанша жып өтті. Сонда хаттың күдіретіне сеніп, таратқан балалар, неге сонша бақытты керек еткенімізді білмейміз. 10-10-дап таратқан хаттардың несі де табылмайды. Таратпай қалған күндердің нәтижесінде, қырсық шыр

өнер. Кез келгеннің қолынан келе бермейді. (Шынымен...) Екінші тоқсан, қыстың кезі. 5 минуттық әлде 10 минуттық па бәрібір, қоңырау соғылса, далаға шығып, қар атысып келеміз. Кабинетке қарды тығып әкеліп, қаннен қалперсіз отырған кластасыңа жауабын келесі қоңырауда аласың. Кейде арты бір жылдың жалтуына ұласып, енді қар лақтырмастай боп қалатынымыз да бар. Бірақ ертеңіне ештеңе болмағандай әсер қалдыратындай жанары ерекше, өткір. Қатардағы бозбалалардан қалыспайтын тентектігі де бар. Қысқасы, бізден төменгі сыныптың қыздарын біраз үзуге салған жігіт.

Қазір бар ма, білмеймін, сол кезде хат тасу деген дәстүр болды. Мүмкін соны көрген соңғы буын біз шығармыз. Ойлап қарасаның, ол да

Хат жазудың да қызығы қармен бірдей. Қоңырау соғылғанын естіген біз жамырап ішке келдік. Әлгі қаладан келген кластасым рюкзанынан хат тауып алып, оны кім салғанын сұрап жазып екен. Алай әлі кластқа кірмеген еді. Шуылдастық та қалдық. — Кім жазған? — Қане, бірге оқимыз. — Ап келші(і), мен оқимын. — Дауысыңды шығарып оқы! Осылайша ұлдардың біреуі хатты қолынан жұлып алды да, иесін ұмытқан күйі дауыстап оқи бастады. Қалғанымыз уағыз тыңдағандай ұйып, бір жерге жиналып

алғанбыз. Хаттың бас жағында не жазғаны нақты есімде қалмапты. Бірақ бір қыз әлі қалалық сыныптасыма сезімді білдіріп, жақсы көретінін айтыпты. Бізден төменгі сыныптардың бірінен келгені белгілі. Аал кім жазған екен? Ең қызық бөлігі де осы. Есеп дәптердің бір парағына жазылған хаттың ең астына, біршына кішіентай қылып «Кім өкінімді білгі келсе, ертең 2-де спорт залға кел. ДШда бірінші тұратын қызбы!» деп жазыпты автор. Әдетте мектепте дене шынықтыру сабағында алдымен ұйларды, содан соң қыздарды бой-бойымен сапқа тұрғызатын еді гоі. Кімнің бойы ұзын, сол алға шығады.

Бірнеше күннен кейін хат жазған қыздың кім екенін білдік. 7 кластың қызы. Сол оқиғадан кейін біраз уақыт бойы сыныптағылар әлі қызды құрған сайын «ДШ-да бірінші тұратын қыз» деп мазақ етіп, өкпеуін қосып, рақаттанып алатын. Арада біраз жылдар өтті. Қазір ешқайсымыз қыздың бірінші боп сезімін білдіргеніне күлмейміз. Бұрынғыдай бақалардың хатын оқымаймыз. Алайда олай хат жазатын да, тасытын да адам жоқ. Қар да лақтырыспаймыз. ДШ-да бірінші тұратын қыздың қайда екенінен де байхабармыз. Мүмкін, есейе бастаған шығармыз?..

Аделина МӘДІПХАҢҚЫЗЫ



айналдырып, сәтсіздікке ұрынғанымыз да жоқ. Құдайды да, өзін де танымасаң бала сенім нағыз бақыт — өткен күнде де, болашақта да емес, өзі сүріп жатқан өмірдің әрбір сәтінде екенін, бақыттың ешқандай дүкенде сатылмайтынын, ешбір хатпен, поштамен таратылмайтынын қайдан білсін?!

Дина БӨКЕБАЙ

«ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТТЫ» МАҚСҰТ ТА МІНЕР МЕ ЕДІ?!..

Өп-сәтте екеуіміз алыса кеттік. Тіпті, не үшін, неге олай болғанын да түсінбедім. Ақ көйлек, көк галстуктың алба-жұлбасы шығып, екеуіміз екі жаққа омақаса құладық. Ал менің бетіме орындықтың бұрышы тиіп, әжелтүр іскен байқалды. Жалма-жан орынан атып тұрды да: — Құлап қалдым деп айтыш, — деді. Оның жүзінен үрей байқалды. Кішкентайдан бергі екен досымның бұл тірлігіне өзім де сөз осыған аздансам да, мақұл деп келістім. Мақсұт келді де, үнемі мен қызығып жүретін кішіентай қолың дәптерін ұсынды: — Мынау менің сыйлығым. Саған ұнайтынына сенемін. Кешірім сұрағаным деп қабылда, — деді салмақты үнмен.

Одан бері қанша жыл өтті. Мақсұттың өлең жазатын қабілеті бар болатын. Өлгі қолың дәптердің алғашқы екі бетінде өлең жазылған. «Жаным, менің өзіне, Мөлдір қара көзіне» деп басталатын. Қолың дәптер қолға тигелі мен де қойынып өлең жаздым. Шыбыт атты әлемнің өсіп айнара ашып, табалдырығынан аттадық. Оқушылық сәттерде көптеген жыр додаларында, мүшараларда бақ сынап, талай рет жүздері орындарды қанжыға байладым. Бірақ, әлі күнге сол досымның алдында қарыздар секілді сезінемін. Қолама қалам ұстақтан оның қолың дәптері сияқты. Кім білсін?!

— Гүлназа хат жазып берші, — деді. Он жыл бойы бір сыныпта оқыған екеуіміздің достығымыздың арасынан қыл да өте алмастай еді. Өлі де солай. Бірақ, ол айтқан Гүлназа мен де ғашық едім. Жүрегімнің төрінен жап-жапыл сөздерді сұрып шығарып, ақ қағазға төгіп-төгіп тастадым. Көз алдыма Гүлназ екеуіміз көк майсалы белде қол ұстасып бара жатқанымызды елестетіп, мөлдіретіп хат жаздым. Тек астындағы автор тұратын туста менің емес, Мақсұттың есімі. Хатты үш бұрыштадым да, сыртқа «Лети с приветом, вернись с ответом» деп жазып, досымның қолына ұстаттым. Иә, жан дүнием қанша алай-дүйей болса да, досымның мен сүйген қызға деген сезімінің алдында дәрменсіз едім. Ама! нешік?! Екеуімізге де бұйырмады. Ауылға қаладан қонақ болып келген жігіт нағашылар ауылынан өзіне олжалағандай етіп, алып қашты. Біз еш нәрсені түсінбестен қалдық. Бала махаббатымызды ұрлап кеткен сол жігітті көргенде кәдімгідей ашуымыз келетін. Ол кезде студент едік. Ал Гүлназ өмірге бала әкелді, сыныптан ретінде барлық қуанышына ортақтасып жүретініміз. Бірақ жүректе сол баяғы орынды қалған еді... «Мұңайым жаным, жалғыз сені ойлаумен, Елестетем сені дидарыңа тоймаумен. Көңіліңнің сыры, Мені еріксіз қинайды...». Мақсұттың орындауындағы осы ән ги-

тара үнімен үндесіп, бізге ерекше сезім сыйлап тұрғандай. Жұрттың бәрі оның өнеріне тәнті болып, риза болысып жатты. Ал мен оның көздеріндегі сағыныш отын, Гүлназаға деген махаббатының әлі де өшеп-гөнгін байқадым. — Досым, — деді Мақсұт көптің алдыңғы жағында отырып. — Бұйырған бақыт ешқайда кетпейді. Айналып өзінді табады. Ал талант көшпелі. Менен саған көпше, оған сен де, мен де кіналі емерсің. Өзіңді қарыздар санама. Мен сенің Оралханды жата-жастаңа оқитыныңды білемін гоі, Тортай мінер ақ боз ат Оралхан мен Тортайдың арасындағы жай. Біздің арамызда мәнгілік ажырамас достық. Ал менің саған сүйішкі жаңалығым бар. Ол — тосын сый, — деді жүзі бақыттан бал-бұл жайнаған Мақсұт. Бір уақытта көптің артық есігін жас қыз ашты. Жүзі тамыс, бірақ есімге түсөре алмадым. Ал Мақсұт екеуі қос ғашық екенін байқақандай бір-бірінші қолың қатты қысып алыпты. Маған жымия күліп: — Түк те өзгермеспсің. Арада 15 жыл өтті гоі, — деді. Сонда ғана мен оның баяғы Гүлназ екенін таныдым. Ып-ырас, мен оны көшеде осы күйінде көрсем, танымай өтіп кете берер едім. Мақсұт екеуінің жолдары түйсікті. Өмір гоі, бұрын шыққан күйеуінен жолы болмапты. Ал Мақсұт оны қай уақытта да байқалдауға уәде берген. — Досым, бұйырған бақыт ешқайда кетпейді. Менің үйленбей жүрген себебімің



бірі Гүлназды күтүім еді, — деді. Ал мен бақыт тіледім. Олардың енді ешқашан ажырамауын тіледім. Бірақ, қалай дегенмен де бала махаббат тәтті естеліктерімен, ерекше іңірлік, тазалығымен есте қалады екен... Ялан СПАНДИЯР



4 АЛТЫН, 1 КҮМІС: ҚАЗАҚ БОКСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАНДАЙ?

— Ұлттық құрамадағы 13 жігіттен бөлек 8 қазақстандық өзге елдің атынан бокстан өлем чемпионатына қатысты. Олардың арасында фавориттер де бар. Негіз қазақ баласы өзге елді атынан қатысу керек? — Иә, ұлттық құрамадағы 13 боксшыдан бөлек басқа елдің атынан құтысқан тағы 8 қазақ баласы бар. Ташкентке сапарым кезінде бірақтарын кездестірдім. Соның ішінде осында туып-өсіп, кейін Бахрейн еліне азаматтығын ауыстырып біржола кеткен боксшымыз бар. Өзбекстанда туған этникалық қазақ Руслан Абдуллаевты көрдім. Тоқтабек Танақанды да кездестірдім. Қазақстандықтарды басқа елдің атынан шығуына әртүрлі себеп бар. Мысалы, біреуі сол елде туған, кейбірі азаматтығын ауыстырған. Осы жігіттердің өздерінен елге деген өкпесі бар ма деп ашық сұрадым. Ұлттық құрамада әділетсіздік болып, шеттеді ме? Немесе басқа да бір келіссіз жайрату орын алды ма? Осы сұрақтарға өзін өзі кәсіпкер боксшылардың барлығы ешқандай мәселе жоқ екенін айтты. Басқа елдің атынан шығуына не себеп болды? Спорттың ішкі бәсекелестігін жоғары болуымен тікелей байланыстырды. Елімізде, әсіресе, жеңіл салмақтағы спортшылар арасында бәсеке жоғары. 3-4-ші кәсіпкер боксшылардың бірінші болуына уақыт уақыт керек. Олар өз кезегін күтуге мәжбүр. Біріншіден, уақытты жоғалтпайсыз келмейді. Екіншіден, әр боксшының өз мақсаты бар. Өлем чемпионаты болғасы келіндер қаншама. Сондықтан өзара келісімшартқа отыру арқылы өзге елдің атынан шығуды таңдайды. Мәнінен, бұл жақсы нұсқа сияқты. Осының нәтижесінде Биылғы өлем чемпионатында қаншама қазақ жүрді. Көрсеміз Қазақстан чемпионаты өткендей әсер қалдырады. Ташкентке осынау дүбірлі доданы көру үшін бірақ қазақ жанкүйерлері ұлттық құрамаға да, басқа елден қатысушы қазақ боксшыларына да керемет қолдау көрсете білді. Спортшының басқа елге азаматтығын ауыстырып, жеке мансабын жоғарылатуы немесе материалдық жағдайын көтеру — әлемдік тәжірибеде бар дүние. Сондықтан бұдан ешқандай ағаттық көріп тұрған жоқпын. — Жартылай финалга өткен 5 боксшы да жеке-жегіп жеңіспен

аяқтады. Қоржымызда алтын да, күміс те бар. Биылғы боксшылардың дайындығы мен нәтижесі сай ма? — Аталған ӨЧ-ке дайындық жарты жыл бұрын басталды. Оның барысын бақылап отырдым. Біраз мәселелер болды, әсіресе, Бірақ балкерлер құрамы, федерация басшысы, спорт министрлігі барлығының шешімін таба білді. Мәселен, Мырзағали Айжановтың келуі үлкен сұрақ тұрды. Бұрында да талай жекпе-жекте жұдырықтасқан боксшы. Қайта келгеннен қандай пайда бар? Ақпарат болды. Ертең кайтпандарымыз кім келеті? Осы секілді сұрақтар бокс жанкүйерлері мен мамандардың күмәнін арттыра түскені рас. Алайда ӨЧ барысында байжамалым, балкерлер Мырзағалидің тактикасын мойындайды. Сонымен бірге ұлттық құрамаға шетелден алынған бірнеше маманның да еңбегі, боксшыларға әсері байқалды. Мәселен, Литвадан келген физиологияға жауапты маман бар. Біздің боксшылар жекпе-жек соңына дейін ышдамай, шаршап қалатын. Бұл жолы барлығы да белсенділігін танытып, өзін жеңіл ұстады. Өрі боксшылармен арнайы жұмыс істейтін психолог маман да бар. Осындай командалық, бірлескен жұмыстың нәтижесінде басқа да көрсеткіш болады деп ойлаймын. Осындай кешенді жұмыстар басқа спорт түрлерінде қолға алынса, жетістікке жету жолы ықпалдар еді. — Биылғы апелляция жөк өкпені естідім. Бұл чемпионаттың бұрынғылардан қандай айырмашылығы бар? — Негізінде апелляция бар. Тек ерешелік — өспеле қарайтынды. Яғни, 3,2 есебі тіркелсе, дауласуға болады. Ал 5,0, 4,1 деген санды айқын айырмашылықтағы нәтижелер тіркелген кезде шағын тастауға болмайды. Қазір талап осындай. Сөйтіп, бірнеше боксшымыз төрешілердің талапқа сай шешімі бойынша жеңілістің дәмін татты. Аталған ереже сәйкес дауласуға, кейде сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік жоқ. — Қамшыбөктің жекпе-жегінде төрешілердің орыс баласына ықпалы ауып, жеңісті бұрмалағаны келгені байқалған еді. Жалпы осы жағын бәсеке қарайтынды да әділетсіздіктер орын алды ма? — Өрине, әділетсіздіктер орын алып жатады. Халықаралық бокс федерациясы үнемі әділетсіздікке қатысты сынық, дауға кәліп жүр. Биыл да іріктеу кезеңдерінде Байқадік, Жеребе тарту, кейбір боксшылардың жарыс жолынан шығып қалуы, өзбек боксшыларының бас әрекеттері биылғы өлем чемпионатынан көрініс тапты. Кеше өзміздің жігіттерімен осы тақырыпта сөйлескенім. Өзбек боксшылары ережені сақтамай, жекпе-жек барысында баспен ұруды, қарсыласының аяғын басып тұруды, мұның бәрі суреттер мен бейнежазбаларда анық байқалады. Төрешілер осындай кішікентай сәттерді көрмей қалып жатады. Қамшыбөкті жиі сынық алатын еді. Алайда үш рәунд бойы қарсыласына тиіп тұрып, шыдамай алған, лайықты жекпе-жек көрсеткен Қамшыбек қана. — Голвкиннің есімі арқылы Қазақстанда бокспен



Биыл бокстан өлем чемпионаты алғаш рет Ташкентте өтті. 20 сәуір — 14 мамыр аралығында аталған спорт жанкүйерлерінің басын қосқан дүбірлі доданың қазақстандық боксшылар жүлдесіне қайтып жоқ. Төрт алтын және бір күміс медальмен Қазақстан құрамасы медальдық өсетпе екінші орынға табан тіреді. Бокстан ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктеріміз бар болса да, мәселелер жоқ емес. Осы орайда спорт журналисі, блогер Аспан Қаженовпен сұқбаттасқан едік.

байланыстыратындай дәрежеге жеттік. Алайда боксшының аяқ кіміні киіп, жүрген жолымен жүрмеген соң ұлттық құрама мен қазақстандық боксшылардың қандай мәселесі бар екенін біле бермейсіз. Басты мәселелерге тоқталып өтесіңіз... — Голвкин — өспеле боксшысы. Өзінде білетін шығарса, жанкүйерлердің де, боксшылардың да Голвкинге реніш бар. Өйткені оның базасында өшкім дайындала алмады. Қазан жігіттері көп ұміт артып еді, бірақ жұл бұрын кәсіпкер боксқа ауысқан тұста Данияр Елеусинов те ренішін ашық білдірді. Кәсіпкер бокста ауызбіршілік болмай тұр. Қазіргі таңда жетістік жоқ емес. Және бәсеке жекпе-жектер жасап жүр. Барлығы бір залда жаттығып, бір жекпе-жеу кешінде өнер көрсетсе деген тілек қой. Қазақстандық боксшы шетелде де жанкүйерлері көп. Спорттан барлық түрін ақпараттандырып, бары мен жоғына қанық адам ретінде әуесқой бокста жағдай мен жүйе бар дегім келеді. Бір жолға қойыламын. Мамандарға жапалы қосыламын. Боксшыларға арнайы сыйық да бар. Мәселе — жемқорлық пен танымал-тамыр жүйесінде. Боксқа қатысты жиі еститімін осы. Тек бокста емес, қаз келген салада кездесетінін мойындау керек. Дегенмен осы жемқорлықтан, аға-кемеден толықтай аралық, қарапайым бокстағы іріктеудің өз еділ өтсе деген тілек бар. Өйтпесе, жарыққа айтып өткенімдей, бокс спорттың дағдыға қарайтын мамандар, психологтар алынған. Боксшыларға жағдай жасалуда. — Өлемі өңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен Д.БӨКЕБАЙ

СЫР ЖУРНАЛИСТЕРІ ЖЕҢІС ТӨРІНДЕ



Алматы қаласында журналист, белгілі спорт комментаторы Амангелді Сейітхановты еске алуға арналған футболдан республикалық турнир өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын шағын футболдан Сыр өңірінің БАҚ өкілдері де қалыс қалған емес. Биылғы долада қызылордалық «Ақмешіт-Қызылорда» командасы топ жарып, бас жүлдені қанжығаға байлады. Айта кетейік, әріптесіміз, жаңақорғандық журналист Өлібек Жарықбаев «Үздік қақпашы», «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасының Қызылорда облысының тілшісі Өділбек Жақанов «Үздік ойыншы» атады.

БАЛУАННЫҢ БАҒЫ ЖАНДЫ



Астана күніне орай өткен қазақ күресінен «Қазақстан барысы» республикалық турниріне іріктеу жарысы өтті. Айтулы спорт додасында жерлесіміз Айбек Серікбаев топ жарып, жарыс жеңімпазы атанса, тағыда бір қармақшылық спортшы Еланам Нұрғалиев II орынды иеленіп, аудан мерейін үстем етті. Жеңіс тұғырына көтерілген қармақшылық балуандар мен «Қазақстан барысы — 2022» турнирінің жеңімпазы Мақсат Исағабалов алдағы уақытта өтетін «Қазақстан барысы» республикалық турнирінде Сыр елінің намысын қорғайтын болады. Жерлестерімізді жарқын жеңістерімен құттықтап, алдағы «Қазақстан барысы» сайысында сәттілік тілейміз!

ТУРНИРДЕ ТОП ЖАРҒАНДАР



Қызылорда облысы прокуратурасының ұйымдастыруымен Қазақ ССР-нің Бас Прокуроры болған Өтеген Сейітұлының 100 жылдығына арналған шағын футболдан турнир өтті.

Турнирге аймақ көлемінде прокуратура органдарында қызмет ететін әріптестер арасында 8 команда жасақталып, өзара сынга түсті. Атап айтқанда, «Қылмыстық қудалау», «Қоғамдық мүдделерді қорғау», «Аппарат», «Қалалық прокуратура», «Оңтүстік», «Орталық», «Солтүстік» және «Құқықтық статистика» командалары бар. Іріктелген 8 команда арасындағы тартысты ойын 5 сағатқа созылды. Өзгелерден озық шыққан «Қоғамдық мүдделерді қорғау» мен «Құқықтық статистика» командасы атыққ сайысқа жетіп, «Қоғамдық мүдделерді қорғаудың» жеңісімен аяқталды. II орынды «Құқықтық статистика», III орынды «Аппарат» командасы иеленді. Жеңімпаздар алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Замира ҚОНЫСЖАН

Спорт — бұл салауатты өмір салтын ұстанудың алғышарты ғана емес, сондай-ақ, ұлттың мықтылығын, азаматтың айбарлығын өзге елге танытатын негіз. Бұрын ат үстінде түйсей, жорықта жанын сағуалаудан гөрі арын алдығының орынға қоятындырды, қабырғасы қайысса да, қабағын шытаған шымырды батыр деп атаған. Ал, бүгінгі күннің батырлары деп спортта жүрген айбынды азамат пен қайсар қыздарды атауға өбден болар.

Сайып келгенде спорт салауатты өмір салтын сақтаудың ғана емес, өз-өзіңді қорғаудың таптырмас тәсілі, қорғандың жолы екені бәрімізге мәлім. Топ бала тарт беріп, төбелеске түскенде жер бауырлап қалмай, жеке басты қорғауға сеп болады. Өсіресе, қаратқ кәтерден сақтайтын спорт түріне жатады. Сөбібі қаруық аяқ-қолдың қайратымен қарсыласты жайратып тастауға мүмкіндік мол. Тек әдіс-тәсілді естен шығармай, ширақ қимылдың қалпын бұзбаған жөн. Шашыңнан жылдамдыққа сүйеніп, спорттан сауатты

ҚАТЕРДЕН САҚТАЙТЫҢ ҚАРАТЭННІҢ ДАМУЫ ҚАНДАЙ? мықты Сыр спортшылары қаратэден жеңісті еншілеп келеді. — Олыста мейбұқан годзэ-риэ қаратэ-до 2019 жылдан бастап айналыса бастадық. Үш жыл ішінде өте жақсы дамып келе жатыр деп айтуға негіз бар. Өйткені спортшылардың жеткен жетістігі мен көрсеткен нәтижесі қаратэшіларды аяқтайп береді. Өңірде осы спорт түрімен 200-ге жуық спортшы мен 10-ға жуық жаттықтырушы жұмыс істеп жатыр. Асудан асып, белесті бағындыруда жаттықтырушының білім-білігі мен спортшы қабілеті ықпал етеді. Бүгінде ұзын-ұлыстарымен ой бойы осып, қаратэде көш бастан келе жатқан мықты спортшыларымыз бар. Олар — Ернұр Рысбек, Еркін Өбіш, Азия Мұса, Айым Алдабергелен, Дамир Есдәулет, Райан Бақытбек, Аяулым Тілектес. — деді облыстық мейбұқан годзэ-риэ қаратэ-до федерациясының аға жаттықтырушысы Еркін Боканов. Қаруыс күрес саналатын қаратэде кейін шегінбейтін күш керек-ақ, Шаршы алаңда шалшы баспау үшін өз-өзің қорғау тәсілін меңгерудің маңызы зор. Осы тұста тактика мен техниканы тез меңгерген спорт саннақтары әлемде де өзін мойындайтын үлгерді. Үздіктердің жеңісте үкіліс жариялығын келмейтіні қуантады. Қаратэдегі көрсеткіш бойынша сан соғып қалмайтын Сыр спортшылары жүлде санын арттырып, аймақ абыройын асақаттып келеді.

— 2022 жылы Петропавл қаласында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында жалпы өсетпе II орын алды. Биыл чемпионат Сыр елінде өтіп, біздің команда тағы да сол белесті бағындырды. Сондай-ақ, Жанкереі Асқарұлы мен Еркін Өбіш Петропавл қаласында өткен ел біріншілігінде іріктеуден өтіп, Италияда өлем біріншілігінде қолға қанжығаға байлады. Еңді келесі Өлем чемпионаты 2024 жылы Австрия елінде өтпек. Бұл сынынан да сүрінбейтін спортшыларымыз іріктеуден ірікпей өтіп, жеңімпаз атанатынына көміл сенеміз. — деді жаттықтырушы Е.Боканов. Жетістік жеке тізбе болсақ, Сыр елінің еншісіне тиген жүлде мен жеңіс аз емес. Қабілет-қарымы артып, күш қайраты тасыған біліктілер долада диттегеніне жетіп, мәртебелі биеттеге түседі. Мұндай көрсеткіш, нағымды негізде еліп дамының негізгі тегі тілде артық айтындақ емес. Тіпсізше бұл спорттың саласын дегендей де анықтан береді. Бүгінде сүйінші хабар мен ақжолтай жаңалықтардың өзінен айтулы саланың алға шығуының аңғаруға болады. Иә, бұрын спорт көлтің аузында кемшін тұсы көп айтылып еді. Ой үстінде ойнамалы боп тұратын саланың бірігіп орны орнықты нәм тұрақты. Өйткені Сыр спортшыларының жетістігі мен жеңісі спорт саласының айнасына айналды. Жаттықтырушы өз өзінде облыстық спорт басқармасының қаратэге жақсы көңіл

Отбасы – қасиетті һәм киелі ұғым. Сондықтан шайқалмаған шаңырақ пен ойрандалмаған ошақ берік отбасының біртұтас бірлігін білдіреді. Татулықтың бақыты ыстық ұядан табылса, балалар да сүйіспеншілік қасиетті бойына сіңіреді. Асылында, отбасының шағын мемлекет екендігі рас. Басқаруында қазыналы қариялары болса батамен-ақ көсегесі көгеріп, өнегелі отбасыға айналары хақ. Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ. Баланың бітім-болмысы отбасы мүшелерінің тәрбиесімен қалыптасады. Сайып келгенде, сыйластың салмағын сезіне білгендердің шаңырағы шаттыққа толып, мерейі де үстем болады. Бүгінде ұлылықтың жолынан жаңылмай, ізгіліктің ізінде келе жатқан жарасымды жанұялар жетерлік. Оған «Мерейлі отбасы» байқауы анық дәлел.



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫНЫҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛМАҚ

Қашан да құндылықтың құны жоғары болатыны сөзсіз. Олай болса, отбасының қоғамдағы орнын айшықтауда бұл байқаудың маңызы зор. Байқау талабын айна-қатесіз орындап, жаңысымен бірге жетістікке жетуге асық жандар іріктеу кезеңінен сүрінгісі келмейді. Байқауда бақ таласуға бекінгенмен, әрбір жүрек жеңіске дәмелі болатыны белгілі. Жыл сайын өткізілетін байқаудың үрдісі үзілмек емес.

– Отбасы құндылығы мен дәстүрін нығайту мақсатында 2013 жылы қыркүйек айының енінші жексенбісінде отбасы күні болып белгіленіп, 2014 жылдан бері «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы бастау алды. Осы уақытқа дейін конкурса облыс бойынша барлығы 1900-ға жуық отбасы қатысқан. Байқаудың негізгі мақсаты – қазақстандық отбасының жағмыды имиджін насихаттау, отбасы институтын, адамгершілікті, руханиятты

облыста үздік деп танылған отбасы байқаудың республикалық кезеңіне жолдама иеленді. Байқауға қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік жоғары жетістіктері бар отбасылар жіберіледі. Ұлттық конкурса қатысу бойынша құжат қабылдау 15 мамырдан басталып, 15 маусымға дейін жалғасып, – депі облыс әкімінің аппарат басшысы Шахмардан Байманов.

Жүрекке жақсылық, жүзіне жылылық ұялаған, бірліктің беріктігімен байлама келетін отбасының қай-қайсысы да жеңіске лайық. Олар өз шаңырағының шырайын кіргізіп қоймай, қоғамның қалыптасуына да өзіндік оң ықпалын тигізеді. Демек, мұның бәрі «Отан отбасынан басталады» деген мақалдың мағынасын үстемелей түспек. Ендеше, құндылықты дәріптеуде ат тоңын ала қалпай, қатысуға ниет білдіргендер жүлдеге лайық өнер көрсетеді деп сенеміз!

Нәзік АХМЕТ

Диас Сламбек, Арсен Ақназар, Дамир Бекарыс, Бақдәулет Сәбитұлы мен Берекет Шапағатовтың қолынан шыққан туынды жоғары бағаланды. Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Tasty books» тәтті кітаптар фестивалінде Абай жолы роман-эпопеясы, «Кішкентай ханзада», «Цветы для Эдлеркерона», «Алые паруса», «Алиса в стране чудес», «Хоббит», «Вафельное сердце», «Шрек», «Русалочка» секілді әлемдік бестселлердің кітап мұқабасына торт даярланған.

– Абай Құнанбаевты үлгі тұтпайтын, тамсанбайтын, әділдікке деген ұстанымына қызықтайтын адам жоқ шығар. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романы бізге көп нәрсені үйретеді. Оның ішінде адамгершілікті, еңбекке баулуды, елге, Отанға деген махаббаты арттырды. Біздің ұлы ақынды таңдауымыздың да басты себебі осында жатыр, – дейді Берекет Шапағатов.

Фестиваль барысында «Тосын сыйға – кітап» акциясы ұйымдастырылды. Оқушылар, ата-аналар мен мектеп қызметкерлері бір-біріне сүйікті туындыларын сыйға тартты.

– «Көп адамдар өмірге бой алдырған, бой алдырып аяғын көп шалдырған. Өлді деуге бола ма айтырдыршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, – деп төрелің өз шешкен Абай бұл жарқын бейнесімен де, жалғанды қырымен де бізбен бірге жасасып келеді. Ақынның осы шумақтарын ұстаным етіп келемін. Маған фестиваль ұнады. Мектепте ауқымды, мағынасы зор дүниелер жиі ұйымдастырылды. Сондай-ақ замандастарым қай шара болмасын белсенділік танытады. Ата-ананың айтулы сөтте жанынан табылатыны да қуаныш сыйлайды, – дейді Дамир Бекарыс.

Аспандықтың Ғыр-сырын жетік білген адамға ғана мұндай дүние дайындап қынаға соқпайды. Бұл жігіттер тәттіні

дайындауды ата-анасынан үйренген. Десе де тақырыптарына Абайды арқау ету оқушылардың ортақ шешімі.

– Бұл торты біз алты сағат әзірледік. Қамырынан бастап барлығын өзіміз жасап шықтық. Үш түсті шоколадты пайдалана отырып, Абайдың бейнесін салдық, Сәтті шықты. Бұл шығарманы тәрбиелік мәні өте зор. Қазақ халқының өмірі мен тарихын баяндайды, – дейді 11 сынып оқушысы Арсен Ақназар.

Кешегі ауыр да күнтірт заманда жалын боп жапыл өткен Абайдың мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды.



Абайдың шығармаларын оқып, өлеңін жаттап жүрген оқушылар туралы жиі естіміз. Ал қара сөздерін туралы жиі көп. «Абай жолы» романын өмірлік ұстаным етіп, сол қағидалы серік еткендер тіпті өз алдына. Абай образына екі-үш кітап істеп шығу бұл мүлде белек әңгіме. Бір қолынан шыққан туындыға бес сағат «Tasty books» – «тәтті» kimanmap фестивалі

Абай туған елін қалай сүйсе, елі үшін күнсіреніп, тебіренсе, бүгінгі ұрпақ оны сонша құрметпен сүйеді. Өйткені, жас ұрпақ көзі ашық, ғылыми, білімге, өнерге, жаңаға құмар. Мөлдір САБИРЖАН

Сіз білесіз бе?

Біз электронды құрылғылардың гасырында өмір сүрсек те, олардың денсаулығымызға тигізетін әсерін өлей бермейміз. Көп жағдайда одан келетін зиян электронды құрылғыларды дұрыс пайдаланбауымыздан. Телефон – электромагниттік сәулелі тұрақты түрде шығаратын құрылғы. Ол денсаулық үшін қауіпті ғана емес, сонымен қатар техникалық ақауларды тудыруымен ерекше.

- 1. Шалбардың қалтасы**
Телефонды артық қалтада алып жүру өте ыңғайлы болуы мүмкін, бірақ телефонның сенсорлық экраны саусақтарға ғана емес, жамбас қимылдарына да сезімтал келеді, кейде біз кездейсоқ нөмірлерді теруіміз мүмкін. Бұл проблема тудырады. Адам көп жерде телефонды жоғалту немесе ұмыту өте оңай.
- 2. Кеуде қалтасы**
Ұялы телефонның сәулеленуі қатерлі ісік қаупін арттыратыны туралы нақты дәлелдер жоқ. Бірақ кей ғалымдардың айтуынша, ұялы телефонды кеудедегі қалтаға салу сүт безі қатерлі ісігін даму қаупін арттырады.
- 3. Қоңырауға жауап беру кезінде телефон теріге тиіп кетпеуі керек**
Ұялы телефон экраны лас деп танылған. Қолымыздағы бактериялардың көпшілігі ұялы телефонның экранына түседі. Сондықтан сәулесу кезінде смартфон бетке тиіп кетпеуі керек. Сонымен қатар, электромагниттік сәулелену қаупі артады. Құрылғы мен тері арасындағы қашықтық кемінде 0,5-1,5 см болуы керек.
- 4. Жылу көзінің жанында**
Жоғары температура электронды құрылғыларға зиянды. Ыстық ауа райында телефонды көптеп қалдырмау керек. Сонымен қатар, оны пештің жанына қоюға болмайды. Жоғары температура батареяның жарылуына әкелуі мүмкін.
- 5. Балалар арбасында**
Ыңғайлы болу үшін балалар әдетте ұялы телефонның арбаға

салады. Көптеген зерттеу оның балаларға зиян екенін көрсеткен.

6. Жастықтың астында
Бірнеше себептерге байланысты смартфонды жастықтың жанына қоймаңыз:

- экран әдетте түнде ақпарат түскенде жаңады, бұл ұйқыны бұзып, демалуға әсер етуі мүмкін;
- ұзақмерзімді электромагниттік сәулелену бас ауруын тудыруы мүмкін;
- телефон жастықтың астында болғаннан кейін, оның шығаратын жылуы таралмайды, бұл жарылыс пен өртке әкелуі мүмкін. Бұл себептер түпте түрғысыз көрінгенмен, бірақ олар біздің денсаулығымыз үшін маңызды зор.



ТЕЛЕФОНДЫ ҚАЙ ЖЕРЛЕРДЕ САҚТАУҒА БОЛМАЙДЫ?

Тоқты
Өзгелердің сеніп тапсырған жұмысына бей-жай қарамайсыз. Бар ынтаныңбен көмек көрсетіп, қайырымдылық акцияларына атсалысасыз. Сонымен қатар әділеттілікке қол жеткізу үшін барыңызды саласыз.

Торпақ
Кез келген пайдалы іспен айналысуға мүмкіндік бар. Ойлау қабілетіңіз жоғары, сондықтан қиын тапсырманың өзін оңай орындай аласыз. Сіз өз ортаныңды көбінесе ұмытасыз. Оны кез келген адам мойындайды.

Егіз
Жемісті апта. Таңертенгілік айтарлықтай жоспарыңыз болмаса да, біраз уақыттан соң айналысатын іс табасыз. Бойыңызда күш-қуат көп. Сондықтан бұйра шаруаны тыңдасыз.

Шаян
Қиын шаруаның барлығын артта қалды. Енді тыныштықта демаласыз. Көтеріңкі көңіл-күіде болыңыз. Алтада көп күшті қажет ететін, маңызды шаруаны, ірі жобаны қолға алмаңыз.

Арыстан
Демалуға, күш-жігеріңізді қайта қалпына келтіруге қолайлы сәт. Кейбір шаруаны кейінге қалдырған жөн. Алайда мұқият болыңыз.

Биікеш
Қызықты апта. Ішкі түйсігіңізге жүгіне отырып, ең қиын шаруаларды мойыны сұрттай бақылап отырасыз. Алта аяғында кеңіл көтеретін кештің қонағы боласыз.

Таразы
Аптаны пайдалы іске жұмсаңыз. Әсіресе, қиын шаруаларды қолға алған жөн. Жаңашылдыққа тез үйренесіз. Сонымен қатар көп ақпараттың ішінен өзіңізге қажеттіні аласыз.

Сарышаян
Ойға түрлі жоспар келеді. Бірақ идеяларды дәл қазір жүзеге асыруды қажеті жоқ. Себебі олар өзгеріс табыс әкелмеуі мүмкін.

Мерген
Айналыңызда болып жатқан жағдайларға қарамастан, сабыр сақтаңыз. Бұл шешімнің дұрыс болмақ. Соның арқасында кикілжіңнен бойды аулақ ұстайсыз, арадағы жұр болмайсыз.

Тәуешік
Аптада жаңа достар табысыз. Сонымен қатар алдағы уақытта өміріңіздің бір бөлшегіне айналатын жаңды жолық-тырасыз. Осы аптада тәуекелге барып, ірі көлемде жасаудың қажеті жоқ.

Сұқүйіш
Апта сәтті болмақ. Ол пайдалы іспен айналысуға да, жай демалуға да қолайлы. Өзіңізге ұнайтын қызықты іспен айналысыз. Алта аяғында кеңіл көтеретін кештің қонағы боласыз.

Балық
Көптен бері ойлап жүрген жұмысыңыз іске асады. Ол үшін күш салмайсыз, оқиғаны сұрттай бақылап отырасыз. Ашықтығыңыз, шынықтылығыңыз бағалайтын жандар бар. Олар сізді жұмыс жағынан да қолдайтын болады.

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

<p>АҚМЕШІТ жастары</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.</p>		
<p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ</p> <p>Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10</p> <p>БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ</p>	<p>Газет өр аптанын бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 17242 40-06-08. Газеттің таралымы бойынша 8 17242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p> <p>Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz</p>	<p>Таралымы: 6931 Тансырыс: 781</p>